



ПРЕЗИДЕНТ
АСТЫҚТЫ
АЙМАҚТАРДЫ
АРАЛАДЫ

2-бет



Азат Перуашев:
ДЕМОКРАТИЯ
ДЕГЕНІМІЗ –
ПАРЛАМЕНТАРИЗМ

6-7-бет



Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ:
ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ
БАСТЫ НАЗАРДА

10-бет

ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№34 (904) 14.09.2020 жыл

МЕКТЕПТЕР БӨЛІНБЕУІ КЕРЕК

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРЫС ТІЛІНЕ ДЕГЕН ТӘУЕЛДІЛІГІН ЖОЯ АЛМАДЫ



Қазақстандағы тіл майданы Қазақстан Республикасының негізі қаланған 1920 жылдан басталды деп білеміз. Кремль Қазақ Республикасын құруға келіссе де оны қазаққа басқартуға келіспеді. Қазаққа сенбей, жас республика басшысы етіп қазақтың тілін білмейтін Пестковскийді жіберді. Сөйтіп, Қазақстан билігі өмірге келген күннен бастап Пестковскийдің алдында орысша шүлдірлей бастады. Кремльге қазақ тілінің керегі жоқ еді. Кремльге күллі КСРО-ның орыс тілінде сөйлегені керек еді. Коммунистер қол астындағы Қазақстанда қазақтың сөзі ғана емес, өзі де жойылуға аз-ақ қалды. Осылайша, қазақтың тілін, дінін, тарихы жайын жою 70 жылға созылды. Нәтижесінде, Тәуелсіздікке қазақ санасы сансырап жетті.

10
бет



КРЫЛОВ ТІРЛІП КЕЛСЕ, АБАЙДЫ ҚҰШАҚТАР ЕДІ...

Биыл дана Абайдың туғанына 175 жыл толса, Қазақ елін айдай әлемге танытқан даңқты батыр Бауыржан Момышұлының дүниеге келгеніне 110 жыл толады. Бір ғажабы, халықтың осынау көрнекті перзенттерінің арасында таңғажайып рухани байланыс бар. Оқырман назарына ұсынылатын төмендегі дүние сол сәйкестіктің жарқын көрінісіндей.

8-9
бет

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢЕЙТИЛСІН

Адамзат атаулы қоғамдасып ғұмыр кешу арқылы ғана жоғары дәрежедегі өмір деңгейіне қол жеткізгені белгілі. Сондықтан, қоғамның әрбір мүшесінің сол ортада алар өз орны болуға тиісті. Оның әрбір мүшесі белгілі бір ұйымның, қоғамның, мемлекеттің, кең көлемде алғанда әлемдік қауымдастықтың дамуына әсер етері де даусыз. Содан да болар біздің Атазаңымызда мемлекеттің ең басты байлығы адам болып табылатыны туралы тайға таңба басқандай көрсетілген.

11
бет



МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚ ЕЛДІҢ СӨЗІН СӨЙЛЕЙ АЛАТЫН АҚЫНДАРҒА БЕРІЛУІ КЕРЕК

Екі жыл сайын әдеби ортада қаламгерлерге берілетін еліміздің бас марапаты – Абай атындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығы үшін бақ пен бап сынау басталады.

16
бет

ПОКА ПРЕЗИДЕНТ НЕ СКАЖЕТ, ШКОЛЫ НЕ ОТКРОЮТ?!

На проблему дистанционного обучения (ДО) обратил свое внимание президент Касым-Жомарт Токаев и 1 сентября написал в Twitter: «Пандемия наложила негативный отпечаток на начало учебного года в школах и вузах. Но это временное явление. Правительству дано поручение разработать порядок возврата к очной форме обучения с соблюдением санитарных норм, чтобы избежать вспышки опасного заболевания среди детей и молодежи».



14
бет

ПРЕЗИДЕНТ АСТЫҚТЫ АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев егін орағының қызу қарқын алған шағында іссапармен еліміздің негізгі астықты аймақтары саналатын Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында болды.

Қостанай облысына жұмыс сапары аясында егін алқаптарын аралап, «Заречное ауыл шаруашылығы тәжірибелік стансасы» ЖШС-ның астық жинау барысымен танысты. Өңірде дәнді дақылдардың 3,1 млн. гектары немесе 76% жиналған, өнімділігі әр гектардан 10 центнерден айналып отыр. Мемлекет басшысына жүзеге асырылып жатқан мал шаруашылығын дамыту, агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру, ауылшаруашылығы техникасын құрастыру жобалары туралы мәлімет берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілермен кездесуде аграрлық саланың табысты дамуы, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін айқындайтынын атап өтті. Кездесуде шаруалар өндірілген өнімдерін өткізу және экспорттау мәселелерін көтерді. Президент еліміздің азық-түлік қорын қамтамасыз етуге үлес қосып жатқан ауыл жұмысшыларына ризашылығын білдірді.



ҚР Президенті Солтүстік Қазақстандағы астық жинау науқанымен де танысып, «Аби жер» ЖШС-нің шаруаларымен кездесті. Мемлекет басшысына аймақтың агроөнеркәсіп кешенінің келешегі туралы мәлімет берілді. Облыс әкімінің айтуынша, өңірде аграрлық секторды ертартапандыру жұмысы қызу жүргізіліп жатыр. Майлы дақылдардың алқабы 1 миллион гектарға жуықтаған. Сонымен қатар облыста ауыл шаруашылығы техникасын жанарту жұмыстары жүргізілуде.

Сапар барысында Қ.Тоқаев өзге өңірлерден солтүстікке қоныс аударған азаматтармен кездесті.

Оларға арнап, Қызылжар ауданының Чапаев ауылында баспана салу жөніндегі пилоттық жоба жүзеге асырылған болатын. Мемлекет басшысы жаңа тұрғын үйлерді аралап көрді. Былтыр аталған жоба аясында елді мекендерде 428 үй салына, биыл 788 баспана тұрғызылады. Былтыр облысқа 736 отбасы, барлығы 2,2 мың адам көшіп келген. Биыл 700 отбасы немесе 2,4 мың адам қоныс аудармақ. Кездесу соңында ауыл әкімдері мен өңірге жаңадан қоныс аударып келген тұрғындар мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс білдірді.

ЖАҢАДАН ЕКІ АГЕНТТІК ҚҰРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстанда Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, сондай-ақ Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі құрылды.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне

стратегиялық жоспарлау және мемлекеттік статистикалық қызмет салаларындағы Ұлттық экономика министрлігінің функциялары мен өкілеттіктері беріледі. Агенттік реформаларды жүзеге асыру тәсілдерін, олардың іске асырылу барысын мониторингтеу мен бағалау бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын даярлау, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарын келісу,

ведомстволық статистика саласындағы жұмысты үйлестіру секілді жұмыстармен айналысады.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне тауар нарықтарында бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау мен реттеу міндеттері жүктеледі. Естеріңізге сала кетейік, ішкі істер саласына Төтенше жағдай министрлігі де бөлініп шықты.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫП АЙЫППҰЛ АРҚАЛАДЫ

Өскемен қалалық әкімдігінің лауазымды тұлғалары күтпеген жерден әкімшілік жауапкершілікке тартылды. «Altaynews» порталының хабарлауынша, қала әкімінің орынбасары мен Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысына айыппұл салынды.

Тамыз айының басында Өскемен қаласы әкімдігінің қызметкерлері Абай күніне орай ұлы ақынның өлеңін оқығаны естеріңізде болар. Қала әкімі Жақсылық Омар бастаған әкімдік қызметкерлері Абайдың «Әсемпаз болма қостанай» өлеңін оқып, видео-эстафетаны Қостанай қалалық әкімдігіне жолдағанды. Мәселенің бәрі сол бейнежазба болып тұр. Облыстық Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылайтын департаментінің ақпараты бойынша, оннан астам адам қатысқан видео-эстафета шектеу шаралары кезінде түсірілген екен. Эстафетаға қатысушылар маскалық режим мен әлеуметтік ара-қашықтықты сақтағанмен, әкімнің орынбасары мен бөлім басшысы әкімшілік жауапкершілікке тартылып отыр.



МЕКТЕПТЕ ОҚУ МҰҢ БОЛДЫ

Еліміздегі ата-аналар оқушыларды дәстүрлі оқуға қайтару бастамасын көтеріп, мемлекет басшысы мен білім және ғылым министріне петиция жазған еді. Осыған орай Білім және ғылым министрлігі өз пікірін білдірді.

«Біз, қазақстандық балалардың ата-аналары, оқушылардың ҚР Конституциясының 30-бабында көрсетілген орта білім алу құқығын толық көлемде – кәсіби мұғалімдердің тікелей қатысуымен барлық пәндер бойынша болуын қалаймыз. Оны цифрлық суррогат алмастырмауы керек. Цифрлық технологияларды тек қосымша әдістер ретінде, ережелермен бекітілген қатаң шектеулі көлемде және тек ерікті негізде пайдалануға болады», – делінген петицияда.

«Қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушылары ата-аналарының өтініші бойынша мектептерде оқи алады. Сондай-ақ, 3 мыңға жуық шағын жинақты мектеп оқушылары дәстүрлі форматта оқып жатыр. Қалған мектеп оқушылары үшін санитарлық дәрігерлер дәстүрлі оқыту форматына кезең-кезеңмен көшуге болатынын хабарлағаннан кейін ғана бастай аламыз», – делі Білім және ғылым министрлігінің баспасөз хатшысы Гаухар Омарбек.

САЯСИ БЕТБҰРЫС АУЫЛДАН БАСТАЛАДЫ

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау – үлкен саяси бетбұрыстардың басы. Мұндай пікірді ҚР Президентінің көмекшісі Ерлан Карин білдірді. Оның айтуынша, Президент биылғы Жолдауда бір емес бірнеше өзекті, түрлі саяси-қоғамдық мәселелерге қатысты көптеген жаңа бастамаларды жариялады.

Президент кеңесшісінің пайымдауынша, ең басты саяси реформа ол келесі 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерін тікелей сайланатындығы болып отыр. «2010 жылдан бастап ауыл әкімдері мәслихаттар арқылы жанама 4 жылға сайланатын. Сондықтан, 2017 жылы кезекті сайлау өтіп, 2021 жылы, келесі жылы ауыл әкімдерінің өкілеттіктері аяқталатыны белгілі. Соған байланысты Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев келесі жылдан бастап өкілеттігі тоқтаған ауыл әкімдері енді тікелей сайланатын болады деп шешім қабылдады. Бұл біздің еліміз үшін өте маңызды саяси реформа, үлкен

саяси бетбұрыстардың басы деп қабылдауымыз керек. Осылайша, Президенттің жаңа бастамаларын саяси реформалардың 2-топтамасы деп қабылдауға болады. Естеріңізге салып өтейін, бірінші топтама өткен жылы Ұлттық кеңестің 2-отырысында жарияланды. Мазмұны жағынан жаңа топтама ауқымды. Саяси жаңғыруға қатысты тарауды түйіндей келе Президент саяси саланы жаңғырту жалғастығын және мемлекеттік биліктің барлық дерлік институттары реформаланатындығын тағы да басып айтты. Ал барлық реформалардың негізгі мақсаты – тұтас мемлекеттің тиімділігін арттыру», – деді Ерлан Карин.

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау бастамасын халық та қызу қолдап жатыр. Тағайындалған әкім билікке тәуелді болатынын, сайланған әкім халыққа қызмет ететіні жайында жылдар бойы айтылып келеді. «Аудан, қала, облыс әкімдерін тікелей сайлауға қол жеткізу үшін тағы да отыз жыл уақыт керек пе?» деген көпшіліктің көкейіндегі сұрақ қашан жауабын таба екен?..

ТАҒЫ БІР ОРЫНБАСАР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Бұған дейін Шыңғыс Мұқан және Айбек Сәттібаев Шымкент қаласы әкімінің орынбасары лауазымына ие болса, енді әкімнің тағы бір жаңа орынбасары тағайындалды.



Қала әкімі Мұрат Әйтеновтің өкіміне сәйкес, бұл қызметті Маулен Айманбетов атқаратын болды. Маулен Зарлықұлы 1966 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Білімі – жоғары. Мамандығы бойынша инженер-автомобиль жолдарының құрылысшысы, агроном, экономист және іскерлік әкімшілендіру магистрі. Қызметтік жолын 1990 жылы «Алматы қала құрылыс» басқармасының шебері болудан бастаған. 2006-2008 жылдар

аралығында Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасына ведомстволық қарасты ұйымдарда түрлі лауазымда жұмыс істеген. 2008-2013 жылдары Астана қаласы Алматы ауданы әкімінің орынбасары болған. 2014 жылдан бүгінгі күнге дейін «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы» МИМ күрделі құрылыс бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып келген.

БАЛАЛАР ДА ӘКІМ БОЛҒЫСЫ КЕЛЕДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бастамасымен балалар арасында «Егер мен әкім болсам» атты шығармалар байқауы өтті.

Байқауға әсіресе 12 мен 17 жас аралығындағы жасөспірімдер белсенді қатысқан көрінеді. Шығармалар жергілікті ақпарат порталдарының бірінде жарияланып, сол жерде әр қатысушының туындысы дауыс беру арқылы тағайындалды. «Балалар арасында бұл байқау соншалықты қызығушылық тудырады деп күтпедік. Жұмыстарды қабылдау мерзімі аяқталса да балалардан шығармалар түсіп жатты», – дейді департаменттің бас маманы Гүлдана Сәрсембаева. Аққайың ауданы Смирнов мектеп-гимназиясының оқушысы, 14 жастағы Никита Лисовик бірінші орынды жеңіп алды. Жасөспірімнің пікірінше, жоғары лауазымды



адам беделді, жайдары, тез бейімделгіш және ұқыпты болуы қажет.

Балалар шығармаларында туған жерінің мәселелерін қозғап, оны шешу жолдарына дейін ұсынып, арнайы бағарына да жазып шыққан. Олар білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мәселелерін, жолдардың нашар жағдайын, ауылдарда таза судың жеткіліксіздігін жазды. Осыған қарап, балалардың жақсы әкім болғысы келетінін көруге болады. Шіркін біздің шенеуніктерде осындай шынайы таза ниет болса ғой...

Кез-келген ұлттың, мемлекеттің болашағы оның жасөспірімдерінің сапасына, санасына, рухы мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан да жас ұрпақ тәрбиесіне, сапалы білім алуына, салауатты өмір сүріп, отаншылдық рухта өсуіне ерекше көңіл бөлінеді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» демекші, бүлдіршіндер ересектерге еліктеп, соларға ұқсағысы келіп, алдыңғы толқынның үлгісі мен тәліміне қарап өседі. Біздің байтақ елімізде, оның ішінде үшінші мегаполис – Шымкент қаласында да жас ұрпақ идеал тұтып, еліктейтін, өмірін өнеге қылатын даңқты тұлғалар аз емес. Солардың қатарында Қазақстан көркем гимнастикасының ардагері, аты аңызға айналған Әлия Юсупова да бар.

Ирина Винер-Усманова Қазақстан гимнастшылар құрама командасын Мәскеудегі Новогорскі олимпиада орталығына бірлескен жаттығу жиынына шақырды. Білікті бапкер қазақстандықтар арасынан үкілі үміт – болашағы бар жас спортшыларды жаттығу кезінде бақылап, байқап жүріп, Әлия Юсуповаға көзі түсіп, тұма талантты бірден байқайды.

Сол бір болашағына жол ашқан жағдай туралы Әлия Максұтқызы былай еске алады: « – Сол жылында мен ол кісіге жақсы әсер қалдырсам керек, оның маған көзі түсіпті. Кейін бапкерлерім мені қалдырып, өздері елге қайтты. Бұл наурыз айы болатын. Ешкімді танымай, жат елде өзім қала бердім. Әлі есімде, екі-үш күн жаттыққан соң, әйгілі Алина Кабаева келіп, жағдайымды сұрады. Ол өте қарапайым жан. Менің басқа елден

жарақаттан айығып, жарыстарға қатысып, Афина Олимпиадасына жолдама алып, төртінші орынды иелендім. Ал төртінші орын мен үшін жеңіске пара-пар. Мұны маған Елбасының өзі айтқан. Афинадан кейін Бейжің Олимпиадасына қатысу туралы шешімді саналы түрде қабылдадым. Бапкерлерім әлі төрт жыл тынымсыз жаттығу керектігін қайта-қайта ескертті. Ал, мен қиындықтан қаймықпаймын. Бастаған істі қашан да соңына дейін жеткіземін. Оның үстіне, 2006 жылғы Азия ойындарына да сақадай сай болу керек еді. Соның бәрін ескере келе, Бейжің Олимпиадасына дайындала бастадым. Оған да жеке бапкерім мен Ирина Винер дайындады», – деп еске алады.

Міне, Әлияның

жаракатын сылтау қылады. Ал, менің көркем гимнастикаға деген ерекше сүйіспеншілігімнен шығар, жиырма алты жасқа дейін ел на-

ешқашан моюды білмейтін жан. Ол қандай да бір жеңістің төгілген термен, үлкен еңбекпен ғана келетінін білетіндіктен шәкірттерін еңбекшілдікке, сезімталдыққа, мақсаткерлікке баулиды.

Жаттықтырушылық жұмысы туралы өзі былай әңгімелейді: «Жаттықтырушылық қызметті бастар алдында әкем: «Жақсы спортшыдан жақсы бапкер шықпауы мүмкін» деп ескертті. Мен ойлана келе, мұның бәрін іс жүзінде байқайық деп шештім. Одан бөлек еңбек сіңірген жаттықтырушы атағын алуды армандайтынмын. Өйткені, бұл үлкен еңбекпен келетін абырой. Әрине, ер адамдарға бапкер болған оңайырақ. Үйінде баланды қарап, тамағыңды істейтін әйел бар. Ал, біз сияқты нәзік жандылар спортшыны дайындау үшін көп нәрсені құрбан етеміз. Жұбайым Нұржан Әлтаев заңгер, әрі қызметтен қолы босамайтындықтан мен екі баламды ата-анам тастап кететінмін. Рио Олимпиадасы қарсаңында кешкі сағат тоғыз жарымға дейін залда жүрген кездерім болды. Азияда қарсаңында да тыным таппадық. Біз өз үйімізді ұмытып, спортшының анасы, әкесі, құрбысы, дәрігері атанып кетеміз. Осының бәрі – ел намысын абыроймен қорғау үшін жасалған қадам. Жаттықтырушылық менің сүйікті ісіме айналған. Өйткені, біздің елімізде талантты қыздар көп. Мен соларды баптап, шәкірттерімді биік жетістіктерге жеткізу арқылы Көк байрағымызды көкке көтеріп, еліміздің абыройын асқақтатып, спортын көтергім келеді».

Олай болса, жеңімпаз спортшыдан жақсы жаттықтырушы да шығады екен. Қазақстан гимнастикасын дамытуға әлі де белсенді үлес қосып жүрген, салауатты өмірдің арқасында әлемдік деңгейдегі спорттық биік тұғырларды бағындырған, осынау қайсар да мақсаткер Әлия Максұтқызынан салауатты өмір сүру туралы ойын сұрағанымызда ол:

– Салауатты өмір сүрудің мәні – ол, әрине спортпен шұғылданып, ішімдік, құмар ойындары, темекі сияқты денсаулыққа да, өмірге де зиянды жақандардан аулақ жүруді, аяқталған кезіндегі әр сағатыңды, әр күніңді пайдалы өткізе білу. Салауатты өмір сүру арқылы денсаулығыңды үнемі нығайту, өзіңнің сүйікті ісіңмен айналысуға қол жеткізу, алдына мақсат қойып соған жету жолында еңбек ету арқылы жоғары жетістіктерге қол жеткізу. Өзіңнің сыртқы келбетіңнен бастап мінез-құлқыңа үнемі мән беріп, сымбатты болу, сүйкімді болу, ішкі сымбатың мен рухани сұлулығыңды да көркем ете түсу үшін білімге ұмтылу. Міне, осындай талаптарды алдына мақсат етіп қоя білсең, соған қол жеткізе білсең нағыз адам, атпар азамат болғаныңа үнемі сенің ойыңда мақсат өзіне үлгі-өнеге тұары, сол сияқты болғысы келетіні сөзсіз, – деп жауап берді.

Сөзімен ғана емес нақты ісімен, өнегелі өмірімен айналасына ғана емес республика жастарына үлгі болып жүрген Әлия Юсупова салауатты өмір сүрудің де үлгісі десек артық айтқандық емес.

Аманғали ӘБУОВ
Шымкент қаласы

ЖЕҢІМПАЗ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ



Әлия Юсупова – Қазақстан көркем гимнастикасының аңызы, көркем гимнастикадан ҚР құрама командасының бас бапкері, Халықаралық дәрежедегі төреші. 2000-2009 жж. Қазақстанның абсолютті чемпионы, 12 дүркін Азия чемпионы, 2006 жылы Азия ойындарының, 2006, 2009 жылдары Азияның абсолютті чемпионы, Әлем Кубогының және Гран При жүлдегері, Дүниежүзілік Универсиада (2005, 2007, 2009) жүлдегері, 2006 жылы әлемнің ең үздік он гимнастшысының қатарына кірген спортшы. Спорттың осы түрі бойынша Қазақстаннан Олимпиада ойындарына (2004 жылы Афина қаласында – 4 орын, 2008 жылы Бейжіңде – 5 орын) жолдама жеңіп алған жалғыз спортшы. ҚР үздік спортшысы (2004), ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері (2006), ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы (2018), Дүниежүзілік кластағы гимнаст (2008). Спорттағы жетістіктері үшін Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы атанып, «Ерен еңбегі үшін», «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл», «ҚР Конституциясына 20 жыл» медалдарымен, «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталған.

Әлияның отбасынан бастасак, әкесі Максұт аға бокстан КСРО спорт шебері, Шымкент қаласы Әуеской бокс ассоциациясының президенті, Қазақстан Республикасы ҰҚК отставкадағы полковнигі. Анасы – Әсия Сарбаева бухгалтер-экономист болып еңбек етеді. Спортшының отбасында дүниеге келген Әлия да кішкентайынан спортқа жақын болды. Әкесі жеті жасында оны көркем гимнастика секциясына жетектеп апарып, қызының спортты сүюіне себепші болды. Алдына мақсат қойғыш, табандылықпен аттанып, қызын кайтпайтын қайсар қыз он жасында шетелде өткен Халықаралық турнирде жеңімпаз атанып, алғашқы спорттағы елеулі жеңісіне қол жеткізді. Алғашқы ірі жеңісі қанаттандыра түскен жас гимнастшы жаттығуын еселей түсіп, бірнеше жылда Қазақстанның чемпионы атанды.

2001 жылы көркем гимнастикадан Ресей Федерациясы Ұлттық құрама командасының бас бапкері

келгенімді түсініп, көңіл-күйімді, хал-жағдайымды сұрап, қолдау көрсетті. Екеуіміз жақсы араласып кеттік. Ол үнемі қолдауын аямайтын. 2003 жылғы лицензиялық әлем чемпионаты қарсаңында да маған сенім білдіріп, жолдама ала тынымды айтып, уайымдамауға шақырды. Ирина Чачина да керемет адам. Оларға мені жатсынбай қабылдап, достық көмектерін көрсеткені үшін көп рахмет. Біз әлі күнге дейін хабарласып тұрамыз. Достығымыз үзілген жоқ. Екі жыл бұрын Алина өзі хабарласып, өзінің жыл сайын өтетін фестиваліне менің қыздарымды шақырды.

Атақты жаттықтырушы Ирина Винердің талабы қатал болды. Осылайша, он бес жасымда Мәскеуде жалғыз қала бердім. Менен ешкім жағдай сұрамайтын. Ауырып тұрсың ба, шаршап жүрсін бе, ешкімнің шаруасы жоқ. Шаршап, талып бара жатсаң да жаттығу жасауың керек. Шыны керек, қазіргі спортшылар мұндай қиындыққа шыдай алмайды. Ирина Винер өте қатал еді, оған шаршадым деп айтуға мүлде болмайды. Өйткені, сенің сыр бергенінді білсе, ол дереу орында босатуды талап етеді. Алайда, бұл қиындықтың барлығы соған тұратын дүние. Нәтижесін өздеріңіз көрдіңіздер. 2004 жылғы Олимпиада ойындарына бару үшін мен өте ауыр жолдан өттім. 2002 жылы Пусандағы Азия ойындарына қатысып, командалық сында екінші орынды иелендік. Ал, мен жеке жеті жарыста күміс жүлдегер атандым. Сол бәсекеден кейін сол аяғымды қатты жарақаттап алғанмын. Ота жасауға тура келді. Қатты ауырғаны сонша, сол аяғымды сүйретіп жүретінмін. Мұны көрген әкем спортпен қызын қосатын сұрады. Өйткені, менің жүре алмай қалғанымды көру оларға ауыр еді. Бірақ мен бәріне шыдадым.

2003 жылы үш ай жаттығу жасауға рұқсат берген жоқ. Осы сәтте маған сенбей, орныма басқа спортшыны жібергісі келгендер де болды. Алайда, жеке бапкерім Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Екатерина Панченко мен Ирина Винер менің бәрін жеңетініме сенді. Жайлап

табандылығы осыдан-ақ көрінер. Жас қыздың алдына қойған мақсатына жету үшін барлық қиындықтарға мойымай, жігерлілік танытуының басты сыры да оның отбасында алған тәлімі мен жастайынан тәлімінен алынған қабілеті болса керек. Өйткені, Әлия әрбір күнін жоспарлап, үлкен мақсатына жетуге бағыштай білді. Сол жолда кезіккен қиындықтарға төтеп беріп, өзінің мінезін де қалыптастыра білді. Спортшының бұл қасиеттері бүгінгі жастарға өнеге етуге тұрарлық. Салауатты өмір сүру дегеніміз – күнделікті өмірде барлық ісінді саралап алып, саналы түрде белгілі бір нәтижеге жету. Ол тек спорттық жетістік болмауы мүмкін. Қандай мамандық иесі болса да, адам жастайынан өзін осылай шындай білсе, оның өмірдегі орны мен қоғамдағы белсенділігі де жоғары болады. Ондай рухы биік, санасы жоғары жастар отаншыл болып, еліне қызмет ете алады.

Әлия Максұтқызы сүйікті спортымен айналыса жүріп, өзінің саналы азамат болып қалыптасуы, өмірден өзіне лайық орнын табуы үшін көп ізденіс пен білімнің қажеттігін түсінді. Ол өзінің туған қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің дене тәрбиесі және спорт факультетін 2006 жылы жаттықтырушы-оқытушы мамандығы бойынша түгесті. Боллашақта жаттықтырушылық қызметті атқару үшін білімін жетілдіре түсіп, 2008 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің магистратурасын «Психология және педагогика» мамандығы бойынша бітірді. Бірақ, белсенді спортшылықты жалғастырып, ірі жарыстарға қатысып, жүлде салып жүрді. Әнгімшыларың:

– Гимнастшылардың спорттық өмірі қысқа болатыны белгілі, бірақ, сіз жиырма жылға жуық осы спортпен белсенді айналыстыңыз, оған не себеп болды? – деп сұрадык.

– Мен, негізі, қиындыққа мойымайтын адаммын... Көркем гимнастиканың спортшылардың ғұмыры әрі кетсе жиырма жасқа дейін созылады. Көпшілігі осы кезеңде спорттан қол үзеді, шаршайды, ауырғанын айтады,

мысын қорғадым. Біздің спорт үшін бұл жас тым үлкен. Тіпті, өзімді ардагер болдым десем, артық емес.

Көркем гимнастикамен шұғылданатын қыздың болашағын он алты жасында анықтауға болады. Өйткені, ол осы кезде сензорлар қатарына өтеді. Сол жаста жетістік болса, әрі қарай жалғастырамыз. Ал, егер айтарлықтай нәтиже болмаса, басқа спорт түріне ауысқаны жөн. Көркем гимнастикаға қатысу үшін бұрын бойына, сымбатына, аяқ-қолының ұзындығына қарайтын. Қазір олай емес. Біз бойы бәкене ғана, кішкене томпақ қыздарды да қабылдай береміз. Кейін олар жетіледі, өседі. Ал менің жиырма алты жасқа дейін спортта қалғаным көркем гимнастиканы тым қатты жақсы көргендіктен деп айта аламын. Біз көп нәрсені құрбан етеміз...», – дейді Әлия.

Үлкен спортпен қоштасқан соң жаттықтырушылық қызметке кірісті. Гимнастикаға ғашық жан, сүйікті спортына өскелең ұрпақты дайындап, осы сала бойынша Қазақстанның жетістіктерін молайта түсетін шәкірттер дайындауға кірісті. Жаттықтырушылық жұмысты жүргізуіне аса ауыр екені туралы Әлияның «Егер маған жаттыққан қиын ба, жаттықтырған қиын ба?» деп сұраса, жаттықтырған деп айтатын едім. Себебі, сен спортшы ретінде жаттығып жүргенде тек өзіңе жауап бересің. Өзіңнің бағдарламанды орындап, өзің үшін жұмыс істейсің. Ал жаттықтырғанда, бапкер ретінде бүкіл командаға жауаптысың. Жауапкершілік, әрқайсысының көңіл-күйін сезініп, барлығының тілін табу керек болады. Құрамадан бір қыз кілемге шығатын кезде одан екі есе қобалжып, уайымдайсың. Сондай жағдайда, кейде, шәкірттің орнына өзің өнер көрсетуге шыққың келеді» – дегені бар.

Шындығында да, жас спортшыға гимнастиканың қыры мен сырын ұғындыру оңай еместігін өзі жасөспірімдерді жаттықтыра жүріп көзі жетті. Шеберлігіне қоса мол тәжірибен болғандықтан, жеңіске бастар жаттығу түрлерін гимнастшының бойына сіңіріп, оның жеңіске жетуін тілейсің. Кейде оның жасағаны ойыннан шықпай, ренжітеді. Бірақ, Әлия Максұтқызы

Спорт деген бір сиқыр. Бұл ғажайып әлемге бір қадам басқан адам одан шығып кетуі нейфабыл. Оның жастар мен ересектерді үйіріп әкететін қасиеті бар. Спорттың қай түрі болсын, жақсы мінез қалыптастырып, әдеп пен мәдениетті бойға сіңіріп, сабырлы болуды үйретеді. Қысқасы, салауатты өмір салтына жетелейді. Спортты сүйген адам әлемді сүйеді, жақсы мен жаманды ажырата біледі, ешқашан дөрекілік пен балағаттың боданына тап болмайды. Өйткені, көне замандарда спорттық ойындар қырғи-қабақ соғыстарды да тоқтататын мәртебеге ие болған. Жалпы, спорт – өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін бірден-бір құрал. Ол сергітеді, шынықтырады, күш-қуат береді және болашаққа жолдама сыйлайды.

Біз күш атасы – Қажымұқанның тікелей ұрпағы, Азия ойындарының екі дүркін жүлдегері, Қазақстан біріншілігінің 15 дүркін жеңімпазы, Спартакиада чемпионы, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген жаттықтырушысы, Қазақстан жастар құрамасының бас бапкері, Шымкент қаласының аға жаттықтырушысы Шаттық Айдарханұлы Қажымұқанмен Шымкенттегі спорт мектептерінің бірінде ұшырастық. Ол – халқымыздың тарихында тұңғыш кәсіпқой баулан ретінде есімі алтын әріппен жазылған, тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқан бірінші болып өзге жұртқа танытып, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тапқан алтын-күміс медальдарды мойнына тұңғыш илген Қажымұқан ағаның жолын жалғап келе жатқан замандасымыз.

– Мен спортқа 1989 жылы келгенмін, – деп ағынан жарылды Шаттық Айдарханұлы. – Республикалық, одақтық, халықаралық жарыстарға қатысып, біраз жетістіктерге қол жеткіздім. 2000-жылдан бері шығыс жекпе-жегінің каратэ-до түрінен бапкер болдым. Біразға дейін бапкерлік жауапкершілікті спортшы ретінде қабат алып

атанып жүр, – деді бір сөзінде Шаттық Айдарханұлы. – Қазір Асадилов Дархан деген шәкіртім биіктерден көрініп жүр, жетістіктері лаян емес, жуырда Олимпияға лицензиясын қанжығасына байлады. Тағы бір шәкіртім – Юлдашев Данияр, Алла жазса, екінші лицензияға қол жеткізеді деген үмітіміз жүректерімізге жылу ұялатады.

Осылай біз Шымкент қаласындағы Шәмші Қалдаяқов көшесінің бас жағында орналасқан жаттығу залына барып қалдық. Аулада оншақты жастың жаттығып жүргенін тамашалап, ішке кірдік. Іште

бапкер небәрі бес-ақ жас спортшымен айналысып тұр екен – карантиннің қатаң талаптарына сай жаттығуға бес адамнан артық қатысуға тыйым салынған болатын. Қала-облыс чемпионы атағын бірнеше дүркін жеңіп алған бесеудің өнерін бір-жарым сағат тамашалап, тапжылмай бір жер-

Кішкене шегініс. Жалпы елімізде соңғы кездері каратэге деген қызығушылық жылдан-жылға артып келеді. Жас жеткіншектеріміз де көше кезіп кетпей, спортпен айналыса бұтаса, әрине, қоғамның көптеген күрделі проблемалары ұтымды шешімдерін табар еді. Осы орайда, каратенің Олимпиада бағдарламасына қосылғанын, бұл спорт түрінің мәртебесі артқанын алдымен қуана қабылдаған да жастар жағы болды. Өйткені, көптеген спорт мектептері қосымша ашылып, ауыл-қала жастарының спортпен айналысуына мүмкіндік кеңі түсті. Шығыс жекпе-жегінің теңдесі жоқ майталманы Мұстафа Өзтүріктей спортшыларымыз көбейе түссе, бүкіл еліміздің де мерейі үстем болар еді. Айтпақшы, Шаттық Айдарханұлы Мұстафа Өзтүріктің шәкірттерінің бірі. Яғни, қазақ спорттың өсу баспалдақтары жақын арада таусыла қоймайды деген сенім бар. Потенциалымыз бен ынта-жігеріміз жеткілікті. Осыған көзіміз жетті.

сұндарға ұшырайды. Өйткені, бұған дейінгі жетістіктерінің бәрі – юниорлар мен кадеттер арасындағы мәртебесі. Көмелет жасына келгеннен соң, өнемет спорттағы қадамдары біршама ауырлайды. Өйткені, ол бұдан былай тек ересек спортшылармен күш сынасады. Ал, ересектер арасында 20, 25, тіптен 30-дан асқан тәжірибелі спортшылар аз емес.

– Олардың арасында чемпиондыққа бірнеше мәрте қол жеткізген талантты азаматарымыз бар. Көреміз, қалай болатынын. Кейбір балаларымыз, мәселен, Асадилов Дарханды айтатын болсақ, 18-ге толған кезде ешкімді жатсынбай, ортаға бірден кіріп кетті. Сол сияқты, кейбірі бір жылдан соң,

спорт залына кіруге тыйым салына бастайды. Яғни, каратэмен бірге өсіп, каратэмен бірге тәртіпке бар иіп келе жатқан өзбалаларымыз – ертеңгі күннің жарқын болашағы десе де, болатындай.

«Қара Мұстафаның дара немересі» деп белгілі бапкер, атакты спортшы Шаттық Айдарханұлын айтып отырмыз. Дара болатыны сол – бүкіл әлемге әйгілі атасының жолын қуған жалғыз ғана ұрпағы. Және жолын қуып қана қоймай, спортшы ретінде де, жаттықтырушы ретінде де халықаралық жарыстарда әжептеуір жетістіктерге қол жеткізген. «Ендігі меже – Олимпиада» деп қояды өзі.

Шаттық Қажымұқанның үздік шәкірттерінің бірі, 2002-жылы дүниеге келген Аза-

ҚАРА МҰСТАФАНЫҢ ДАРА НЕМЕРЕСІ



Кішкене шегініс.

Тақырыпқа шығарылған «Қара Мұстафамыз» – Қажымұқан Мұңайтпасұлының көптеген лақап аттарының бірі. Оның «Ямагата Муханура», «Қызыл бетперде», «Мұқан», «Қара Иван» атануының өзіндік тарихтары бар. Мәселен, «Муханура» деген лақап атты оған Иван Лебедев қойған. Ал, «Қара Иван» деген Иван Спорттағы бауырлары – Иван Поддубный, Иван Заикин және Иван Шемякинмен бірге өнер көрсеткен кезде «төрт Иван» деп атануы үшін алған. Жаны жай тапқан соң Қажымұқан Шымкенттің іргесінде, үшінші мегаполистен 40 шақырым жерде, Темірлан төңірегінде жерленді.

де отырдық. Каратэ деген – бір ерекше әдемі спорт түрі екен ғой! Әлгі есімізге алған бейнефильмдердегі кимылдар қайта көз алдымызға келді. Тек қана каратэге тән айқандаудың өзінің бір ерекшеліктері бар екен.

Марат Азамат сияқты екі дүркін Азия чемпионын, халықаралық дәрежедегі спорт шеберін Шаттық Айдарханұлы бірнеше жылдан бері жаттықтырып келеді. Жалпы талпынысы өте жақсы, болашақ әлем чемпионы десе де болады. Жуырда ғана жасы 18-ге толған спортшы күтпеген жерден жана

мат Серікұлы Марат қазір «Мирас» университетінің 2-курс студенті. Индонезияда өткен Азия ойындарында жүлделі екінші орынға көтерілсе, Хорватияда өткен жарыстарда жеңімпаз атанды. Каратэмен айналысқанының арқасында Дубай, Хорватия, Түркия, Испания, Германия, Словакия, Чили және басқа да көптеген елдерді аралап, көріп қайтқан жағдайы бар.

P.S. Иә, мына бозбалалар үшін ата-аналары ешқашан уайым-қайғы жемейтін болу керек. Өйткені, тепсе темір үзетін шағында қолдары жаттығудан, ойлары білім арудан еш босамайды. Яғни, көшеде басып жүрген кей жастардың арасынан біз бұндай азаматтарды кездестірмейтініміз айдан анық. Алла оларға да, оларды осы дәрежеге жеткізген жаттықтырушысына да қуат берсін!..

Әсет ӘССАНДИ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі
Шымкент қаласы

ТОКАЕВ ПРОДОЛЖАЕТ ПОЛИТИЧЕСКИЕ И АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ

Послание Президента определяет национальные приоритеты РК

1 сентября Президент страны Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в Послании народу Казахстана обозначил ключевые приоритеты общенациональной повестки на предстоящий период.

Показательно и символично, что первый блок Послания охватил вопросы реформы госуправления. Стало очевидно, что все дальнейшие преобразования невозможны без изменений внутри госаппарата. Мы это особенно четко увидели в период пандемии. Госаппарат не должен работать на абстрактные цели, важно сосредоточиться на актуальных вопросах конкретных категорий граждан.

А казахстанцы, в свою очередь, должны понимать смысл и значение всех принимаемых решений. В обществе сформировался запрос на понятные и эффективные государственные инициативы и программы. Поэтому предложение о переходе на формат лаконичных национальных проектов более чем своевременное.

В Послании серьезное внимание уделено экономическому развитию в новых условиях. Дальнейшее развитие конкуренции, а также малого и среднего бизнеса решает триединую задачу – укрепляет нашу экономику, снижая зависимость от природных ресурсов, развивает инициативу граждан, создает условия для повышения качества жизни казахстанцев.

Глава государства отдельно остановился на развитии регионов. Во время региональных поездок депутатами Парламента были собраны предложения граждан по решению актуальных проблем. Реализация и законодательное обеспечение «регионального блока» Послания станет одним из приоритетов в деятельности нашей Палаты, так как сенаторы представляют, в том числе, интересы регионов в законодательном органе.

Продолжится реформа правоохранительной и судебной системы. Права человека занимают особое место в модернизации

национальной повестке Президента страны. Мы видим его твердое стремление к изменению всех имеющихся недостатков в этих сферах и последовательность в их искоренении.

Серьезного законодательного обеспечения требуют инициативы Главы государства по социальному блоку, в том числе в части развития образования и здравоохранения. В необходимости актуализации подходов в этой сфере мы еще раз убедились в прошедший период.

Часть проблем в этом направлении сможет решить эффективная цифровизация, которая будет направлена на повышение эффективности сферы образования и медицины, а также на максимальное упрощение получения госуслуг. В Послании уделено также внимание вопросам экологического образования и защиты животных, которые в последнее время активно обсуждаются в обществе.

Очень важно, что Глава государства вынес на общественное обсуждение ряд стратегических вопросов, в том числе касающихся выборности акимов, механизма петиций, реформы местного самоуправления и обеспечения большего участия граждан в процессе принятия решений. Все это говорит о дальнейшей поступательной реализации концепции «слышащего государства».

В целом Послание Президента страны представляет собой всесторонний и тщательно проработанный документ, определяющий национальные приоритеты Казахстана в посткризисный период. В нем отражены конкретные меры, необходимые для восстановления экономики и повышения благосостояния граждан. Для реализации всех инициатив Главы государства будут приняты соответствующие законы. Это станет главным приоритетом в работе депутатов в рамках новой сессии.

Маулен АШИМБАЕВ,
председатель Сената Парламента РК

Главная цель предстоящих реформ – верховенство закона

Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева в этот раз анонсировали раньше, и его посмотрело в прямом эфире без купюр практически все население.

1. Нынешнее Послание в период пандемии коронавируса стало содержательным, стратегическим, социальным, объемным, с акцентом на правовое поле, поставившее актуальные проблемы и пути решения во всех сферах общественных отношений. Все касается вопросов национальной безопасности.

2. Справедливость, честность, равенство во всем. И в распределении доходов государства тоже. Новый Социальный кодекс.

3. Красной нитью идет послы взаимодельствия государства с обществом, гражданским контролем, исполнению как партнер в планировании, исполнении и оценке деятельности госорганов.

4. Для меня, юриста, очень актуален большой правовой блок. Верховенство права. Защита конституционных прав граждан во всех сферах, включая полицию, прокуратуру, суд, другие госорганы. Отход от обвинительного уклона в угоду так называемых показателей и сервисное обслуживание граждан. Роль участковых. Прозрачный отбор кадров везде.

5. Поразило. Оказывается, одна треть

(1/3) ВВП внутреннего валового продукта страны – в теневом секторе, то есть все подпольно, не платят налоги. Она питает коррупцию. С этим надо бороться.

6. Честные и прозрачные госзакупки. Новый закон. Нацбанку о спекуляции экспортеров.

7. Усиление функций Счетного комитета как важного органа контроля за бюджетом страны.

8. Новое госуправление. Агентство по стратегическому планированию. Упразднение института ответсекретарей. Совет по реформе, восстановление МЧС. Пересмотр деятельности всего госаппарата.

9. Поддержка медицины, образования, науки, села и другие сферы.

10. Защита прав детей, кибербуллинга, травля в интернете, пытки, торговля людьми.

11. Общественный контроль везде. Онлайн-петиции. Общественные советы поднять. И еще много вопросов, которые не перечислишь сразу. Общество еще долго будет обсуждать такое актуальное и содержательное Послание, которое принесет пользу нашим гражданам.

Марат БАШИМОВ,
директор Института европейского права и прав человека



Курс многовекторности будет сохраняться

Как всегда внимательно ознакомился с Посланием президента К.К. Токаева и разделил его для себя на две группы интересов.

Первый это профессиональный, как международнику (востоковеду, китаеведу) нужно понимать вектор движения собственной страны, так как именно от этого зависит и внешнеполитическая линия.

В этом контексте самое главное это месседж про «Нурлы жол». Дело в том, что программа «Нурлы жол» завершила свое действие, и на любой международной встрече у всех зарубежных коллег возникал вопрос: а что дальше? Так как именно на «Нурлы жол» было зафиксировано инициатива «Один пояс – один путь», с его трансконтинентальными проектами «Китайский город Иу – Лондон», «Ляньюнган – Дуйсбург», железнодорожный маршрут Китай – Казахстан – Туркменистан – Иран, Китай – Казахстан – Каспий – страны Кавказа и т.п. И с прошлого года мне на каждой конференции задают этот вопрос.

В условиях шабашающего оборота противостояния США – Китай тема далеко не праздная, будет ли продолжение или же все повисает до наступления какой-то геополитической определенности. Кстати, буквально на днях общался с коллегами из Белорусского института стратегических исследований, и их этот вопрос крайне волновал, так как там по транзиту, на фоне текущей ситуации, собственные серьезные ожидания экономического и идеологического содержания.

В рамках послания очевидно, что курс многовекторности будет сохраняться, причем с поправкой на новые реалии. «Нурлы жол» вступает во второй этап, где за счет привлечения новых стран и компаний задача должна выдерживать баланс сил в регионе: «Второй этап «Нурлы жол» должен быть нацелен на закрепление лидирующей роли транспортно-транзитного сектора нашей страны. Конкурентоспособность Казахстана должна расти за счет прорывных инфраструктурных проектов, привлечения новых стран и компаний, повышения уровня сервиса и скорости транзитных маршрутов».

В вопросе о создании Агентства по стратегическому планированию и реформам с прямым подчинением Президенту видятся прямые параллели с созданием председателем Си «Центральной комиссии по всеосто-

ронному углублению реформ» (中央全面深化改革委员会), что в свое время позволило пятой генерации китайских руководителей взять идею реформ под прямой контроль. Параллели, возможно, спорные, но можно подискутировать.

Второй блок – это чисто бытовой, для рядового казахстанца. Мое предложение (в социальной сети) в марте этого года использовать пенсионные средства набрало рекордное количество лайков и репостов. Хотя некоторые упрекали меня в популизме, очевидно, что вопрос по сбережениям давно назрел. И его надо решать.

Другое дело, что он поднят уже давно самим президентом, но повисало в силу инерции, а потому хотелось бы надеяться, что Послание даст импульс в этом направлении: «В рамках моего поручения был проработан вопрос использования части своих пенсионных накоплений. Это особенно актуально сейчас, но уже в 2021 году 700 тысяч вкладчиков ЕНПФ смогут использовать часть своих накоплений на приобретение жилья, лечение или для передачи в управление финансовым компаниям».

И, конечно, вопрос по онлайн-петициям. Сейчас Фейсбук стал незаменимой силой для того, чтобы голос граждан по тем или иным вопиющим случаям стал слышен. Но его мало. А к петициям до недавнего времени отношение «сверху» было снисходительно-раздраженное. Что, конечно же, не есть хорошо.

Другое дело, что по большому счету может возникнуть «война петиций», где граждане будут мобилизовать друг друга, но в условиях низких возможностей для реализации гражданских инициатив в парламенте такой опыт стоило бы пережить. «Надо создать единый интегрированный инструмент для инициативы граждан онлайн-петиций и предложений. Такой механизм должен быть полностью защищен от каких-либо манипуляций. Правительству во взаимодействии с гражданским обществом предстоит разработать нормативно-правовую базу и решить все технические вопросы, касающиеся этого важного проекта».

Адиле КАУКЕНОВ,
директор Центра китайских исследований «China Center»

Азат ПЕРУАШЕВ, «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты:

ДЕМОКРАТИЯ ДЕГЕНІМІЗ -

**COVID-19 «КӨРМЕЙТІН»
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ
ҚАЛЫПТАСҚАН
ОЛҚЫЛЫҚТАРЫН
ӘШКЕРЕЛЕП БЕРДІ**

— Азат Тұрлыбекұлы, бір жылдан аса уақыт өтті. Сіздің бізге берген сұхбатыңыз да, онда айтылған өткір ұсыныстар да ескірген жоқ па? Күні кеше ғана президент Тоқаев өз Жолдауында біршама реформаларды тілге тиек етті. Айтыңызшы, қоғамның өзгеріске деген сұранысы бәсеңдеді ме?

— Бәсеңдеген жоқ. Елбасының былтырғы мемлекет билігін өркениетті түрде жаңа басшыға тапсырғаны дер кезінде болғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Әр кезең өзіне сай жаңа міндеттер мен жаңа құрылымдарды талап етеді. Билік вертикалына сүйенген бұрынғы жүйе ел Тәуелсіздігінің қалыптасуында, түбегейлі нарықтық реформаларды жүргізу және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда өз миссиясын орындады. Келесі кезеңге Қазақстан қалыптасқан мемлекет ретінде аяқ басты. Ал қазір жылдар бойы қордаланған мәселелерді шешу үшін икемді әдістері, үйлестірілген басқару әдістері керек. Мемлекет басқару ісіне қоғам жан-жақты араласуы және оны бақылауы қажет. Президент Қ.Тоқаевтың Жолдауында бұл трендтер түсіністікпен көрсетілген. Бірақ бұл трендке консерваторлық көзқарастағы шенеуніктер бағынбауға тырысады. Ал бұл қарсылықты қоғамдағы өзгерістерге деген кен сұраныс қана еңсеруі мүмкін.

Covid-19 пандемиясы басталғаннан бері болып жатқан оқиғалар вертикалды басқару жүйесінің қордаланған олқылықтарын, жүйелі кемшіліктерін әшкерелеп көрсетті. Халық ешқандай жемқорлықтың, әділетсіздіктің шын ауқымын көзімен көрді, жанымен сезінді. Пандемия жараның бетін ашты...

**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
ЕҢ БАСТЫ КЕПІЛІ
ТАНКІЛЕР ЕМЕС!**

Жарты жылдық карантин кезінде халықтың тұрмысы нашарлап кетті. Шағын және орта бизнес құлдырады. Халықтың билікке деген сенімі төмендеді. Жастардың келешекке деген үміті азайды. Өңірлерді айтпағанда, елдегі ірі-ірі мегаполистердің өзінде былық-шылық аз емес. Сыртқа жүні қомпайып көрінгенімен, іші іріп-шіріп жатыр. Жоғалған сенімді қайтару үшін жең ұшынан жалғасқан жемқорлықты жою, әбден ластанған жүйені тазалау керек. Сондықтан, өзгерістерге деген қажеттілік сақталып қана қойған жоқ, керісінше көбейді. Мәселе — ол өзгерістер саналы және жоспарлы түрде ме, әлде бейберекет жолмен жасала ма? Міне, сұрақ осында. Аталған өзгерістерді тым соза берудің қауіптілігі сонда — кешегі Украина, бүгінгі Беларусьтің мемлекет болып қалуының өзіне күмән тудырғаны. Ал, Тәуелсіздіктің ең басты кепілі танкілер емес, өз

Қазақ қоғамы өзге жұрттағы электоралды науқанды, онан кейінгі көп шуды ынта-шынтасымен талқылап жатқанда, Қазақстанның өз ішінде де кезекті науқан басталар уақ таяп қалды. Ол науқан — Парламент сайлауы. Қазір ел Парламентінде үш партия бар. Ол — «Нұр Отан», «Ақ жол» және коммунистер партиясы. Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы сайлаудың «стартын» әлі берген жоқ. Десе де, оған дайындық әзірден басталып кеткені көрінеді. Өйткені, Парламенттегі бұл үш саяси партияның да белсенділігі бұрынғыдан артқан. Мысалы, ескі президентпен екінші президент мүше — билік партиясы өткен айдан бастап партияшілік іріктеуді бастап кетті. Ал қазақ саясатшылары «келесі Парламенттен кетеді» деп болжаған қызылдар (коммунистер) партиясы тарихты қайта жазуға әсіре құлшынып отырған сияқты. Тіпті, «оқулықтарда компартия неге көп дәріптелмейді» деп Білім министріне бір, «Ойбай, ұлтшылдар көбейіп кетті» деп Бас прокуратураға екі хат жазып, алашапқын болып жүргені туралы осыған дейін жаздық. Ал «Ақ жол» ше?

мемлекетін бағалайтын азаматтық қоғам болуы керек!

Карантин шағын және орта бизнесті «тақырға» отырғызды. Сондықтан, қазіргі билік моделіне бір ғана балама бар — ол терең әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды қабылдап, жүзеге асыруы қажет. Сонда ғана аталған өзгерістер қарапайым адамдардың өмірін жеңілдетеді алады.

**«АҚ ЖОЛ» ПАРЛАМЕНТТІК
РЕСПУБЛИКАҒА КӨШУГЕ
ШАҚЫРАДЫ**

— Өзгерістер туралы айтқанда, Сіз халықтың жалпы көңіл-күйі туралы немесе желідегі жұрттың айттып жүрген ұсыныстарын айтып отырсыз ба, әлде өзіңіздің нақты ұсыныстарыңыз бар ма?

— Шынын айтсақ, қазіргі барлық олқылықтарды жою үшін бірден-бір құрал — мемлекеттік органдарды қоғамға бағындыру, өкілетті органдардың, яғни парламенттің алдында есеп беруі. Бұл дегеніміз — демократия, демек парламентаризм. Парламентаризм — парламенттің негізгі институттары — Парламент пен жергілікті мәслихаттары. Сондықтан, «Ақ жол» демократиялық партиясы парламентаризм институттарын күшейтуді және президенттік басқару жүйесін

Парламенттік Республикаға көшуге шақырады.

— Әжептәуір батыл мәлімдеме екен! Бірақ, Азеке, неліктен Сіз бұл мәлімдемені Парламентте айтпай, қазір айтып отырсыз?..

— Олай емес. Менің өзім парламент институттарды күшейту туралы 2012 жылы 4 маусымда Елбасы Н.Назарбаев парламент фракциялардың жетекшілерімен кездескен кезде айтқанмын.

2012-2016 жылдары «Ақ жол» депутаттары Үкімет пен фракциялардың арасында тең қарым-қатынас қағидаларын қалыптастыру үшін көп күш салды. Осы қағидалардың бірі — біз әзерлеген, сегіз жылдан кейін қабылданған «Парламенттік оппозиция туралы» заңда іске асырылды.

Біз өз ұсыныстарымызды 2017 жылғы Конституциялық реформалар кезінде де ұсындық. Мысалы, бірпалаталы парламентке көшу мәселесін көтердік, т.б. Көп бастамаларымыз заң талқылайтын жұмыс топтарына жіберілді, парламент мінбесінен де айтылды. Оның ішінде берген сұхбатымда да баяндағанмын. Яғни, «Ақ жол» партиясы үшін парламентаризмді дамыту — уақытша әуестік емес, оншақты жыл бойы жасаған біздің тынымсыз еңбегіміз.

Рас, партия төрағасы Азат Перуашев әлеуметтік желіде хәм қазақ қоғамында көп талқыланатын депутаттардың бірі. Жасырмаймыз, ол туралы ел пікірі де екіұшты. Партия Алаш идеясын партия бағдарламасына енгізгені, осы бағытта Алашқа, Алашордаға, Ұлт зиялыларының хәм қазақ тарихшыларының арттеу еңбектерін шығару бойынша бірқатар жұмыстар атқарылғаны факт! Елдің саяси болашағы туралы қоғамда қызу сөзталас жүріп жатқан былтырғы жылдың тамызында «Ақ жол» төрағасы abai.kz сайтына көлемді сұхбат берген. Ол сұхбат өткір болды. Батыл-батыл пікірлер айтылды. Әсіресе, елдегі саяси жүйені реформалау туралы бірнеше өзекті мәселелер көтерілді. Әне-міне дегенше, елде кезекті саяси науқан — Парламент сайлауы келе жатыр. Демократтар партиясы әлі де қоғамға өзгерістер қажет деп санай ма? Әлде, сол кездегі пікір, сол кездегі ұстаным өзгерді ме? Партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Тұрлыбекұлымен abai.kz аз-кем әңгімелескен екен.

**ҮКІМЕТТІҢ ҚҰРАМЫН
ПРЕЗИДЕНТ ЕМЕС,
ПАРЛАМЕНТ ЖАСАҚТАУЫ
КЕРЕК!**

— Қош! Сұлу сөз ғана болмасын... «Парламенттік Республикаға көшу» туралы егжей-тегжейлі айтыңызшы... Қазақстанның қазіргі жағдайында бұл қаншалықты мүмкін?

— Иә, «идеалдық модельден» гөрі, қазіргі жағдайды шешудің нақты жолдары туралы айтқан дұрыс. Бірнеше мысал келтірейін.

Мысалы, қазіргі қолданыстағы Конституцияға сәйкес Президент биліктің барлық тармақтарының үйлесіп жұмыс істеуіне кепілі болып табылады. Бұл, Президент — Парламентпен де, Үкіметпен де тең қарым-қатынаста болуы керек деген сөз.

Олай болса, біз, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Үкіметтің құрамын Мемлекет басшысы емес, парламенттік сайлауда жеңіске жеткен партия құруы керек, сол партия Үкімет құрамын жасақтап Президенттің бекітуіне ұсынуы тиіс. Сонда бұл партия өз Үкіметінің жұмысына жауапты болмақ.

Сонымен бірге, тағайындалатын Үкімет Парламент алдында өзінің бағдарламасын және мақсат, міндеттерін жариялап, оны қорғауы керек. Сонда ғана министрлердің жұмысын

бюджетті игергені үшін емес, уәдесінің орындалған, орындалмағаны бойынша бағалауға болады.

**КІМ КІМГЕ
ҚЫЗМЕТ ЕТПЕ ЖҮР?**

Осы тұрғыдан қала (оның ішінде облыс орталықтары мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент мегаполистері) әкімдерін халық партия мен азаматтық қоғам өкілдері арасынан тікелей дауыс беру арқылы сайлауы керек. Президент Тоқаевтың 2021 жылы ауыл әкімдерінің сайлауын өткізу туралы мәлімдемесі осы бағыттағы батыл қадам. Бастысы оны аяғына дейін жеткізу керек. Бірақ, мұндай мәселелерге бюрократия тарапынан қарсылық қатты бола ма деп ойлаймын. Өйткені, шенеуніктердің күші олардың көптігінде және аяқтан шалатын ықпалы бар екендігінде.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ОЭСР) мәлімдеуінше, жұмыспен қамтылғандар арасында Қазақстанда шенеуніктер мен квазимемлекеттік қызметкерлердің үлесі 21%-ды құрайды екен. Салыстыру үшін, Австрияда бұл көрсеткіш — 8%, Оңтүстік Кореяда — 6,5%. Жапонияда 100 мың тұрғынға 7 мемлекеттік қызметші келсе, Қазақстанда 550-ден астам шенеунік бар. Кімнің кімге қызмет ететіні түсініксіз...

**МӘЖІЛІС ПЕН
СЕНАТТЫ ҚОСУ АРҚЫЛЫ
БІРПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ
ЖАСАҚТАУ КЕРЕК**

— Осыдан бірнеше жыл бұрын Сіз Қазақстанға бірпалаталы Парламент керек деген мәселе көтерген едіңіз...

— 2017 жылдан бері «Ақ жол» демократиялық партиясы шенеуніктер мен мемлекеттік менеджерлерді қысқартуды бірнеше рет ұсынды. Олардың арасындағы сауатты адамдар жеке бизнес пен өндіріс саласында елге пайдасын тигізеді еді. Мұндай қысқартулар кем дегенде 3-5 есе болуы керек.

Парламент пен мәслихаттардың бақылау функцияларын кеңейтіп, қоғамдық резонанс тудырған оқиғаларды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуын, билік құрамындағы жемқорлық фактілерді бойынша парламентті



ПАРЛАМЕНТАРИЗМ



тергеулерді жүргізуді қолдарына беру қажет.

Мәжіліс пен Сенатты қосу арқылы Парламентті бірпалаталы орган ретінде құрған дұрыс. Екі палаталы парламент федералдық мемлекеттерге тән. Қазақстан сияқты унитарлық мемлекет үшін артық деп санаймыз.

Мемлекет мүмкіндіктері кез-келген мәселелені шешу кезінде бюджетке байланысты. Сөйткенмен мемлекет қаржысының едәуір бөлігі бюджеттен тыс шығындарға жұмсалады және қоғамнан жасырылады. Сол кезде заң бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық дамиды. Сондықтан, ең басты міндет – Парламентке барлық мемлекет қаржысының жұмсалуды бекіту мен бақылауды тапсыру маңызды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕТКЕ ҚАРЫЗЫ 160 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРДАН АСАДЫ

Алдымен, ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорын бюджеттен тыс бастайық. Олардың көбі мемлекеттік бюджет қолдауынсыз өмір сүре алмайды. Оның үстіне шет елдерден де несие алатындары бар. Бұл қаражат қоғамнан жасырын пайдаланылған соң, сол жерлерде жемқорлыққа жол ашылады. Сондықтан да ұлттық компанияларды, олардың «еншілес» компанияларын, министрліктер мен әкімдіктер жанындағы әртүрлі мемлекеттік кәсіпорындар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді, «СК-Фармация» немесе әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар сияқты бюджетке енгізіп, оларды өз шығындары мен жетістіктері туралы қоғамға есеп беруге міндеттеу керек.

Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік кәсіпорындардың сырттан несие алуын тәртіпке келтіріп, ашықтығын талап ету қажет. Қазір шындап келеся, сол ірі компаниялар алған қарыздар еліміз бюджеті есебінен қайтарылуы.

Қазақстан бүгінгі күні

сыртқы несие берушілерге 160 млрд. долларға жуық қарыз. Ол елдегі ЖІӨ-нің 90%-ын құрайды. Соның ішінде 12 млрд доллар мемлекеттік қарыз болса, 25 млрд-тай квазимемлекеттік компаниялар берешек екен. Бұл жерде аталған қос қарызға да бюджетіміз кепіл болып отыр. Бесіктегі сәбиден бастап, еңкейген қарияға дейінгі әрбір қазақстандық шетелге мыңдаған доллар қарыз. Сол себептен, ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік кәсіпорындарды сыртқы несиелерді алу қажеттілігін парламентте ашық дәлелдеу мен олардың пайдаланылуына есеп беруін міндеттеу керек.

Ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісін бюджетке алу керек. Егер 5-10 жылдан кейін қандай бюджеттен ақша сұрайтын болса – ол мемлекеттік ресурстарды пайдаланып, мемлекетке емес, өз қалтасына жұмыс істейтіні анық. Ондай компанияларды таратып, оның орнын жеке қажатын беріп, солар өз қаражатын салып, бюджетке салық төлейтін болады.

Екіншіден, азаматтар мен бизнес төлейтін түрлі міндетті «мүшелік», «жинақтаушы», «сақтандыру» және тағы басқа төлемақылар қосымша салыққа айналды. Мысалы, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорындағы қаржыны салымшылардың өзі бақылай алмайды. Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорына қатысты жанжалдар болып тұрады. Сондықтан бұл қорларды басқаруды, олардың шығындары мен сыйақыларын бақылауды Парламентке беру керек.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЕЛДЕРДЕ БЮДЖЕТТІ ОППОЗИЦИЯ ӨКІЛДЕРІ БАҚЫЛАЙДЫ

Демократиялық елдерде бюджеттік бақылауды парламенттік оппозиция өкілдері басқарады. Оның қисыны анық – сайлауда жеңіске жеткен партия

бюджетті бөледі, іске асырады, бірақ, қарсыластары қадағалап отырады.

Биылғы жылы Президенттің қолдауымен «Ақ жол» демократиялық партиясы опозиция туралы» заңын өткізуге қол жеткізді. Осы заңды пайдалана отырып, кезең-кезеңмен билік монополиясын тежемелер мен тенестірімелер жүйесіне айналдыру қажет.

Сонымен бірге, Үкіметтің қарсылығына қарамастан, Парламенттің сайлаушылар мұқтажына керек қаражатты бюджеттен бөлу құқығы болуы өте маңызды. Президент Қ.Тоқаев Жолдауда бұл тақырыпқа да тоқталды. Қаржы бөлу кезінде мәслихат пікірлерінің ескерілмейтіні және де кейбір мәселелер ошынқты жыл бойы шешімін таппай отырғанын айтты.

Шынын айтсам, бұл мәселеде Парламент депутаттарының да жетісіп тұрғаны шамалы. Заңға сәйкес, депутаттардың бюджеттік ұсыныстары Үкіметтің келісіміз қаралмайды.

Ал, сайлаушылар сенімін министрлерге емес, Парламентке артады ғой. Президенттің мәслихаттарға қатысты бұл жағдайды «саяси анахронизм» дегені бекер емес, себебі кез келген бастама қаражатқа тіреледі емес пе?

Парламенттің тікелей қаржыландыру өкілеттігі болса, көпбалалы отбасыларда тұрғын-үй жетіспеушілігі болмас еді. Дарынды жастар шетелдерге кетпес еді.

Парламентке бюджеттің 1% бөлігін сайлаушылардың қоғамдық маңызды (бюджеттік процедуралар арқылы) бөлінгені жөн болар еді. Квазимемлекеттік компанияларға миллиондаған сыйақы бергенше, теміржол үстінен өтетін жолаушылар көпірін немесе ауыл көшесіне асфальтталған жол төсеу әлдеқайда маңыздырақ.

– Осы идеялар парламент пен мәслихат уәкілеттігін күшейтетінімен келісемін. Ашық айтсам, кешірсіз, депутаттардың өзінің

қалай сайланатынын баршаға белгілі емес пе?.. Шенеуніктердің зорлығы орнына, депутаттардың зорлығы орын алмай ма? Ал адамдардың мүддесі сол баяғыша назардан тыс қалмай ма?

– Парламентризмнің ең алғашқы талабы – тіпті уәкілеттіктерді тарату ғана емес, ең алдымен, адал және ашық сайлау өткізу.

Биліктің қайнар көзі халық, және өз өкілдерін (депутаттарды) сайлау – оның ажырасмас құқы. Ал олар халықтың атынан Үкіметті құруға, мемлекеттік бағдарламаларды бекітуге және мемлекеттік органдардың жұмысын бақылауы тиіс.

Осы тұрғыда Қазақстан сайлау жүйесі терең реформаға, азаматтар құқықтары орнатуға және дауыс беруді қорғауға мұқтаж.

САЙЛАУДА ДАУЫС БҰРМАЛАУ – БИЛІКТІ ЗАҢСЫЗ БАСЫП АЛУМЕН ТЕҢ!

– Сайлау кезінде бюллетендерді топтап салу дегенді оның санын аз шығару арқылы жеңу мүмкі емес қой...

– Иә, ол үшін барлық сайлау учаскелерінде интернет арқылы тікелей бейнебақылау жүйесі камераларын орнату керек. Бейнебақылау сайлау барысы мен дауыс беру бюллетендерінің санағын, әрбір бюллетенді камераға көрсетіп түсіру керек. Бейнетүсірілімдер барлық сайлау учаскелерінде орталық сайлау комиссиясында бірыңғай серверде, сайлау есебі мен дауыс оқиғаларды шешуді анықтау үшін сақталуы керек.

Бәрімізге белгілі «карусельді» және әрбір мекен-жай бойынша қайта дауыс беруді болдырмау үшін, сайлау учаскелерін адамдардың келбетін танитын бірыңғай автоматты бейнебақылау бағдарламалармен жабдықтау керек. Осы аталған іс-шаралар азаматтардың сайлау процесіне сенімін ұлғайту, сайлаушылар мен қадағалаушылардың белсенділігін арттыру, сайлаушының ашықтығын күшейту үшін керек.

Сайлау туралы айтқанда, тағы бір тоқтала кеткім келетіні – сайлауалды компаниялар кезінде әкімшілік ресурстарды қолдану мәселесі.

Студенттерді сайлауалды іс-шараларға мәжбүрлеп қатыстырған, олардан кімге дауыс бергені туралы есеп беруді талап еткен және тағы басқа әрекеттерге барған басшылар қызметтен бостатылуы керек. Жастарға өз тандауын жасауға мүмкіндік беруге міндеттіміз. Жастардың ой еркіндігін шектеу – саналы түрде олардың жалғандыққа және өзін кем санауға үйретумен бірдей. Ондай ұлттың ұрпағы ез болып өседі. Ал бізге ез емес, еркін, күшті және өзіне сенетін ұрпақ керек.

Алаштың үні болған Мағжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» демеп пе еді. Ешкім студенттерді өз еркінен тыс жалауалды бұлғауға мәжбүрлеуге қарқасы жоқ. Ешкім жастардан өздерінің сайлау бюллетендерін суретке түсіріп, жіберуді талап етуге және

оларды кімге дауыс бергенін аңдуға қақы жоқ.

Сайлау тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы айтсақ қайтара дауыс беру, заңсыз бюллетендерді топтап жәшіктерге салу немесе сайлау протоколдарын бұрмалауға қатысу, халықты өз өкілдерін сайлаудан айыру – билікті заңсыз басып алғанмен тең!

Мұндай ұсыныстар біздің тарапымыздан бірнеше рет, оның ішінде Орталық сайлау комиссиясының отырыстарында айтылды, бірақ, естіріп құлақ болған жоқ.

САЙЛАУ АШЫҚ БОЛСА, БИЛІК ПАРТИЯЛАРЫ ЖИ АУЫСЫП ТҮРУШЫ ЕДІ...

– Қатаң шешімдер. Әйтсе де, адами фактордың да рөлі маңызды екенімен келісерсіз. Сайлау барысын мүлде қадағалатпай, барлығын камера мен техникаға артып қояйық біздің қоғам қаншалықты дауыс? Мұның арты Белоруссия еліндегідей көше наразылықтарына әкеп соқтырмай ма?

– Себеп пен салдарды шатастырмайық. Назылық – сайлау ережелерін бұзудың салдары ерсебегі болса, біз сайлау тәртібін бұзылуын, – дауыс беру мен бюллетендер санаудың ашықтығы арқылы азайтуға шақырамыз. Бұл шаралар адамдардың сайлауға деген сенімін күшейтеді және наразылық себептерін жояды. Кез-келген сайлау учаскесінде бейнежазба арқылы дауыс беруді немесе бюллетендер санағын қайтадан көруге мүмкіндік болса, – жұрт не үшін наразы болмақ?

Демократия мәні де сонда, сайлау қорытындылары керек көрсеткіштерге қолдан «бейімделмеуі» керек.

Қоғамның түнегі құбылуы мүмкін, мындай мұғалым ешқандай трагедия жоқ. Саясаттың ауық-ауық өзгеріп тұруы – қоғамның қайта жаңаруына, жаңа шешімдерді іздестіруіне әкеледі. Ал, жаңару – дамудың негізгі алғышарты. Керісінше, бір жолда тұрап қалу – тоқырау деген сөз. Тіпті КСРО сияқты алып империяның түбіне жеткен де осы тоқырау. Әрине, мен оған өкінген емеспін.

– Иә, Сіздің айттып отырған формат – әдемі. Әлемдік қолданыста бар. Алайда, біздің Қазақстанда бұл қаншалықты өміршең формат?

– Әрине, бүгін емес, бірақ мемлекеттік мүдделердің өзі жаңа тәсілдер мен жаңа шешімдерді талап етуде.

«Ақ жол» демократиялық партиясының тандауы – мемлекет пен қоғам арасында еуропалық қарым-қатынастарды, ашық саяси мәдениетті қалыптастыру. Ал бұған Парламент пен мәслихаттарға нағыз қоғам өкілдерін сайлап, олардың қолына қоғамға қажетті шешімдерді қабылдауға мүмкіндіктер беру арқылы жетуге болады.

– Әңгімеңізге көп рахмет! Бүгінгі туған күніңіз құтты болсын! Ел аман, жұрт тыныш бола берсін.

Сұхбаттасқан
Нұрғелді ӘБДІҒАНИҰЛЫ
abai.kz

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында: «Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады... Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан, біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек» – деді. Биыл дана Абайдың туғанына 175 жыл толса, Қазақ елін айдай әлемге танытқан даңқты батыр Бауыржан Момышұлының дүниеге келгеніне 110 жыл толады. Бір ғажабы, халықтың осынау көрнекті перзенттерінің арасында төңғажайып рухани байланыс бар. Оқырман назарына ұсынылатын төмендегі дүние сол сәйкестіктің жарқын көрінісіндей.



есіміне лайық болуға талпынып бақсын.

Біле білгенге дін мен заң егіз ұғым. Екеуінің де мақсаты – адам тәрбиелеу. Мысалы дін: «Жан баласына қиянат жасама, ешкімнің ала жібін аттама, тәртіпті болып, сыпайы жүр», – дейді. Заңның талабы да осы.

– Ініңнің атын кім қойған?

– Әкесі Үйсінбай қойған. Биыл ол кісінің жасы сексеннен асты. Балажігіт кезінде Ташкенттегі діни медресені бітірген, соғысқа қатысқан, «Қыз Жібек» жырын жатқа айтатын, алпыс жылдан бері ауылымыздың имамы.

– Ол кісі баласының атын Абдрахман деп дұрыс қойған. Бізде Қасқырбай, Талқанбай, Бұзаубай, Қошқарбай, Кемпірбай, Ташкентбай, Шымкентбай, Фермагүл деген, т.б. ешқандай мән-мағынасы жоқ аттар көп. Мен бұған мүлде қарсымын. Данышпан Абай: «Қазақ ырым етеді, ырымы қырын кетеді» деп дұрыс ескерткен. Бала есімін қоюда ойлану керек.

майды. Ондайды қазақ тексіз дейді. Оларда ел сүйсінер еш нәрсе жоқ. Текті адам ісінен, сөзінен белгілі болады. Мұны сен өзің де байқап жүрсің.

Атам қазақ: «Айтуын біз айтамыз, оның түйінін кейінгі ұрпақ өзі шешеді» деген. Неге деп сұрамайсың ба?

– Неге?

– Сен шешіп, шайнап берсең оның бойына дарымайды. Медицинада асты шайнағанда сілекей бөлініп, астың қорытылуына көмектесетіні айтылады. Сол сияқты біз қысқа ғана астарлап айтамыз, оның ар жағында не болатынын ақылды адамдар, ақылды ұрпақ өздері шешеді. Ақымақтар көзінен көреді, соны ғана сөз етеді.

– Астарына ой жүгіртпейді дейсіз ғой?

– Иә, ой жүгіртпейді. Түсінген адамға кез келген мақал астарлы. Мысалы, «Қалауын тапса, қар жанады» дегенді Абай атамыз жиырма тоғызыншы сөзінде: «қалауын тапса, қар жанады», «сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ» деген сөз

– Сіздер сөйлеген сөздеріңізге Құнанбайды қажы болды, Қодарды өлтірді деп сынап-мінеліңіздер. Тұларыңыз Құнанбай табиғатын түсінбегендік. Ол Қодарды жазалап өте дұрыс жасады. Тіпті, оның қылығын айтуға адам ұялады. Құнанбай оған дұрыс шара қолданды, – деп едім, үшеуі үш жақтан:

– Бұл айтқаныңыз ақылға сыймайды. Мұхтар Әуезов бүкіл дүние жүзіне белгілі адам. Сіз ол кісідей жазушы (ол кезде менің кітаптарым жаңа жарық көре бастаған еді), не үлкен қызметкер емессіз, – деді мені мұқатқандай.

– Сөзімді бөлмей тыңдаңыздар. Құнанбай – данышпан, әділетті, көреген, асқан шешен, ел басқару ісінде алдына жан салмаған адам. Ол қазақ халқы осындай деп мақтанарлық тұлға.

– Қателессіз. Қодарды Құнанбай оның жерін иемдену үшін өлтірді, – деп үшеуі өршелене түсті.

– Сіздерге қояр сұрағым, Құнанбайдың тұсында халық ақылды болды ма?

ҚРЫЛЛОВ ТІРІЛІП КЕЛСЕ,

«МЕН ДЕ АБАЙҒА ЕЛІКТЕП ӨСТІМ»

– Мәшһүр Жүсіп Көпеев алдына барып сәлемдескенде, Абай сынағалы:

– Түр-өңің келіскен екен. Құдай мен шайтан қайда, жұмақ пен тозақ қайда? – дегенде, Мәшһүр Жүсіп бөгелмей, бірден:

– Абайдың Құдайының қайда екенін білмеймін, менің Құдайым жүрегімде. Әйелің ақылды болса, жұмақ – төрінде, әйелің ақымақ болса, шайтан да, тозақ та үйіңде, – дегенде, Абай түрегеп, Мәшһүр Жүсіптің ұсынған қолын алып, төріне шығарған екен.

Мұның алдында біреулер «мен Мәшһүр Жүсіпін» деп келіп, Абайдың көңілінен шыға алмай, масқара күйге ұшыраса керек. Содан Абай секемденіп, Мәшһүр Жүсіпке әлгіндей сұрақ қойып, жауабына қатты риза болған деседі.

– Данышпан адамдар ғой. Мәшһүр Жүсіптің Құдайым мийымда демей, жүрегімде дегені дұрыс. Ми деген – ақыл, жүрек деген – сезім. Ақыл күшті болмайынша, жүректі ауыздықтай алмайды. Сондықтан адам алдымен ақылды болуы керек. Абайға сәлем бергенде Мәшһүр Жүсіп қанша жаста екенін білмейсің бе?

– Жас болған-ау.

– Әрине. Абайдың қырық жасында жазған: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», – деген өлеңі бар. Мен жетпіс жастан асып бара жатырмын. Қартайдым ба, қартаймадым ба?

– Қартаймадың ба?

– Оны намен дәлелдейсің?

– Жүріс-тұрысыңыз ауырлады.

– Оттама! Бұл қартайғандық емес, организмнің тозғаны. Абайдың рухы да, менің рухым да қартайған жоқ! Мәңгі қартаймайды. Түсіндің бе?

– Мен үнсіз басымды изедім.

– Рухы мықты жандардың бәрі туыс. Халықтың: «Жақсы әйел жаман еркекті ер қылады, жаман еркек жақсы әйелді жер қылады» – деген дана мақалы бар. Жастау кезімде

бұл тақырып төңірегінде мен де өзімше ізденіп, ой толғағам. Қанша ақылды, тіпті патша, батыр болсын әйелдің сөзіне ермейтін еркек өте сирек. Мамытбектен басқасының бәрі әйелінің айтқанын екі етпейді. Сен әйеліңнің ескертпесін елесен, менімен сөйлеспес едің.

– Мен еріксіз күлдім.

– Абай – психолог, жоғарыда еске алған «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңінде қазақтың бар болмысын «қабаған итше өшігіп шыға келер, мен қапсам, бір жерінді бөксерем деп» – деген екі жолмен-ақ жинақтай бейнелеген. Бұдан асқан шеберлік бар десең, айт, дәлелде. Мен де Абайға еліктеп өстім. Ол кісіден үйренгендерім көп.

«АБАЙ РУХАНИ ӘЛЕМІНЕН ҮЙРЕНУІМІЗ ӘЛІ НАШАР»

– Жас кезімізде Абай аруағына сиындық, қазір де сиынамыз. Бұл, әлдеқимдердің ойынша, әсіреқызыл әуесқойлық тәрізді.

– Жоқ. Бұл – Абай ерлігін бағалап, құрметтеу. Тек бір ескеретін жәйт – әлжуаз, жалтақ, жылпос болсаң, сені ешқандай аруақ (аруақты мен рух деп түсінем) қолдамайды. Ашығын айтсам, Абай рухани әлемінен үйренуіміз әлі нашар...

«БАЛА ЕСІМІН ҚОЮДА ОЙЛАНУ КЕРЕК»

– Ана жылы сізді алғаш үйіме қонақ еткенімде қолыңызға су құйып қызмет көрсеткен заң факльтетінің студенті ініме бата берген едіңіз ғой. Есіңізде ме?

– Болашақ заңгер балаға бата бергенім есімде. Ол ініңнің аты кім еді?

– Абдрахман.

– Жақсы есім. Данышпан Абай сүйікті бір баласының атын Абдрахман қойған. Ол Алланың құлы деген мағынаға е, пайғамбар тәңіріңдегі тілектестердің қасиетті есімі. Мұндай есімді абыроймен алып жүру кім кімге де үлкен жауапкершілік жүктейді. Есінде сақтасын, ескертіп қой, інің



Мамытбек ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ,
жазушы

«СЕНІ ӨЗІМЕ ҮЙІРІП АЛДЫМ»

– Менің ең үлкен мақсатым – немере, шөберелеріме ой қалдыру. Байқаймын, шөберелерімнен гөрі немерелерімнің өмір сүру, киім, тамақ табу жолы басқаша болып барады. Сондықтан мен өмірге қатты шөлдеп, шөлікпеулімін. Мысалы, Абайдың «Қалауын тапса қар жанады» деген бабалар сөзімен келіспейтініне өз басым қосылмаймын. «Абайды жөндемек болған бұл кім?» деп мені қанша адам сынады. Жүз адамнан:

– Абай бабам дұрыс айтты ма? – деп сұрашы.

– Дұрыс айтты, дұрыс айтты, – деп бәрі шулап, қол шапалақтайды. Ішіндегі мұртты ақымақ мен.

– Жоқ, мұны Абайдың айтқаны белгісіз. Ғасырдан ғасырға ұмытылмай келе жатқан және мағынасы терең «Қалауын тапса, қар жанады» сөз не деген алтын, не деген керемет сөз. Ешқандай қар жанбайды, бірақ қалауын тапсаң, бітпейтін іс жоқ.

Жасы үлкейген сайын адамның ақылы азаяды. Оның үстіне қарттардың бәрі бірдей ақылды дейсің бе? Жоқ, ақылдылық адамның жасына байланысты емес. Жасында ақымақ адам, үлкейген соң да ақымақ күйінде қалады, яғни тегінде жоқ жанның үстіне алтын құйсаң да, жылтыра-

ең барып тұрған Құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп қорлықпен өмір өткізгенше малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой» дейді. Мұны Абай мүмкін біреуді сынау үшін айта салған болу керек. Әйтпесе, Абекеңнің ол сөздің астарын білмеуі мүмкін емес. Қазақта Абайдан ақылды, өткір ешкім болған жоқ. Оны, меніңше, басқа біреу айтып, Абайға теліген тәрізді.

Өзің қарапайым басыңмен ойланшы, бабалар ақымақ болып, аузына келгенін сандырақтай ма? Ол және бірнеше жүз жылдардан бері келе жатқан мақал. Ол ақымақ мақал болса, ұрпақтан ұрпаққа ауыса ма? Әр нәрсені сөз еткенде жан-жақты ойлану керек.

Қайталап айтамын, «қалауын тапса, қар жанады» не деген алтын, не деген керемет сөз! Ол жолын тапсаң, бітпейтін іс жоқ деген мағынаны білдіріп тұр емес пе? Бір ғана мысал. Сен маған жабысып, айырылмай жүрсің? Неге? Менің әңгімелерімді тыңдап, қатты әсерленгендіктен, «Жұрт айта алмаған сөзді айта алады екен. Ол кейінгі ұрпаққа, өзіме керек», – деп сен менен айырылмай, жабысып қалдың. Сонда мен қалауын таптым да, сені өзіме үйіріп алдым. Бұл – қардың жанғаны.

«ҒАФУЛЫҚ ӨТІНДІ»

– Жазда «Алматы» шипажайында демалатынымын. Таудың салқын таза ауасы, мүлгіген тыныштық. Алаңсыз ой ойлауыңа ешқандай кедергі жоқ. Ертеңгі, кешкі мезгілде серуенге шығамын. Сондай серуеннің бірінде жасы үлкен үш кісімен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы туралы пікір таластырып қалдым. Олар әдегеннен Құнанбайды қатігез, діншіл жан деп жамандауға көшті. Мен:

– Тұтастай алғанда «Абай жолы» эпопеясы әлем әдебиетінің асыл қазынасының бірі. Мұханның суреткерлік шеберлігіне тәнтімін. Тек жазушының әке мен бала арасындағы келіспеушілікті жасанды түрде суреттегеніне түгелдей қарсымын. Бұл пікірімді майданнан жолдаған хатымда Мұханның өзіне де ашық жазғанмын.

– Ақылды болды.

– Бәріңіз солай ойлайсыздар ма?

– Иә, бәріміз солай ойлаймыз.

– Жақсы. Қодарды өлтірерде жиналған жұрт ақылды ма еді?

– Ақылды еді.

– Шын айтасыздар ма?

– Шын айтамыз.

– Жауапты өздеріңіз бердіңіздер.

Егер жиналған жұрт ақылды болса, неге Құнанбайдың сөзіне еріп Қодарды өлтірді? Оны тыңдамай қоймады ма? Қазір бәріңіз ақылдысыздар, Құнанбайды кінәлап сөйлеп, шындықты мойындағыларыңыз келмейді. Күндердің күнінде қателескендеріңізді түсініп, өкінесіздер. Тағы сұрақ қояйын, Абай жомаз оқыды ма?

– Жоқ.

– Оның «Алланың сөзі де рас, өзі де рас» деген өлеңі бар емес пе?

– Бар.

– Оны не үшін жазғанын білесіздер ме?

– Өзіңіз айтыңыз.

– Абай ол өлеңді әкесін сыйлағандықтан жазған. Сондай құрмет тұтқан әкеге оның қарсы шығуы мүмкін бе? Керісінше, Құнанбай да, Абай да өздерінің ар-намысын қорғай алатын даналар. Қанша зерек болып туғанмен баланың қасиеті әке қасиетінен асып түсуі екіталай. Мұны генетика заңы да дәлелдейді.

Кейін маған қаршы шыққан үшеудің біреуі театрда жолығып қалып:

– Сонда сізді жек көрген едік. Тіпті, ақылынан алжасқан ба, беталды сандырақтағаны несі деп жағамызды ұстағанбыз. Уақыт өте келе сіздің пікіріңіздің дұрыс екеніне көзіміз жетті, – деді ғафулық өтініп.

«АБАЙ БАРЛЫҚ УАҚЫТТА БІЗГЕ ҮЛГІ»

– Сіз Абай творчествосына қай кезден бастап ерекше көңіл бөлдіңіз?

– Он бес жасымнан бастап көңіл бөлдім. 1949 жыл. Сібірдемін. Көз аштырмас қарлы бораннан, азуы алты қашыры аздан тынысым тарылып, дем алуым қиындап, апта бойы сыртқа шыға алмай, үйге қамалып қалдық. Уақытты босқа өлтірмейін деген оймен

Абайдың, Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларын қолыма алып, өзімше талдау жасадым. Абай Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың өлеңдерін аударғанда, түпнұсқада жоқ ойландырып сыналап енгізіп, шығарма мәнін күдіреттендіре түскенін байқап, таң-тамаша қалдым.

Пушкиннің Татьянасы мен Абайдың Татьянасы бөлек. Егер Пушкин тіріліп келсе: «Ой, қарағым, менің ойым, ақылым жетпегенді сен жеткізіпсің» – деп алдына иіліп, алғысын айтар еді. Лермонтовтың да, Крыловтың да солай етеріне күмәнім жоқ.

Сен «Теректің сыйы» деген өлеңді оқып шығып, Абайдың аудармасымен салыстыр. Лермонтовта жоқ ой Абайдың аудармасында бар. Бірінші төрт жолына зер сал. Лермонтов «Теректің асау толқынын «как грива львиная» деген теңеумен бейнелеген. Львица – арыстанның ұрғашысы. Ұрғашыда жал болғанын көріп пе едің? Еркегінде жал болады. Лермонтов жастықтың әсерінен шаласауаттылық танытып, ұрғашы мен еркекті ажыратпаған. Терек өзенінің толқынын ұрғашы арыстанның жалына теңейді. Тапқан екен Құдай бермеген жалды?

Жатқан жері торқа болсын, әулие Абай жарықтық орыс тілін Лермонтовтан артық білген. Оның қатесін «ой, мынау абырой әпермейді» деп түзетіп,



АБАЙДЫ ҚҰШАҚТАР ЕДІ...

өлең философиялық ой, музыкалық әсем ырғақ дарытқан. Бұл Абайдың кемеңгерлігі.

Гете – Лермонтовтан Абай аударған «Қараңғы түнде тау қалғыпты» талдау барысында да ғажап әсерге бөлендім. «Ой, мынаның ойын жеткізіп айта алмай кетіпті ғой, мен қосайын» деп, Абекең шығарма мазмұнын барынша тереңдеткен. Өлеңнің неміше, орысша түпнұсқасында қараңғы түндегі таудың бейнесі табиғат көрінісі ретінде суреттелгенін місе тұтпаған Абай «тыншығарсың сен-дағы, сабыр етсең азырақ» деген екі жолмен өмірмен қоштасарлық сәттегі адам баласын жұбатқан, тамаша философиялық ой дарытқан.

Абай: «Қап, бұлардың айта алмағанын мен айтпақ едім, ойым, ақылым, сезімім жетпеді, яғни мен жай екенмін» деп өзіне көңілі толмай, сөзбен жеткізе алмағанды енді әнмен жеткізіп көрейін деп, кәсіпқой композитор болмаса да, Пушкиннің де, Лермонтовтың да, Крыловтың да өлеңдеріне ән шығарған. Бұл да Абайдың кемеңгерлігі.

Крылов теңдесі жоқ ойшыл, ұлы сықақшы. Крыловтың Абай аударған өлеңдеріне де талдау жасадым.

– Айналайын, шырағым-ау, менің шығармамды жақсартып жіберіпсің ғой, – деп Крылов тіріліп келсе, Абайды құшақтар еді.

Халықты тану үшін таңдай білу керек. Көрші орыс халқында не бар, не жоғын, кімді таңдау керек екенін алыс ауылда жатқан Абай білді. Оның тереңдігінің, қоғамдық дүние танымының күрделілігінің бір құпия сыры осында.

Орыс мәдениетін, әдебиетін танып білу жағынан өзімізді Абаймен салыстырсақ, біз – наданбыз. Мұны мен кезінде Мұхаңа, Мұхтар Әуезевке

айтқанмын. «Сіз, Мұха, әкесіне баласын қарсы әрекетке барғызып, тарихи мәселені шешем дедіңіз. Бұл марксизм-ленинизм дүниетанымына жат, майда, жасанды белсенділік, бұл тарихты бұрмалау. Мұндай шаласауаттылыққа нағыз марксизм-ленинизм Ганнибалдың, Цезарьдың, Иван Грозныйдың, Наполеонның, Петр Біріншінің прогресс, шәһерлерін бағалап, олардың қателігін қайталамау жөнінде ескерткен. Біздің Құнанбай да солардың қатарындағы қаһарман» дегем. Мұхаң «ескертең маған ой салды» деп өз түйсік-түсінігімен бөліскен болатын.

– Абайға қандай баға бересіз?

– Біз Абайды байдың баласы, ұлтшыл деп отыз жыл жамандап, құртамыз дедік, құрта алмадық. Он жыл мақтап, өз тұғырына қондырамыз дедік, интеллектуалдық мәдениетіміздің кеңелігінен әлі қондыра алмай келеміз.

Алла тағала асқан жомарттықпен бір басына бар өнерді сыйлаған Абайды әлем халықтары әдебиетінің озық дүниелері қатарынан орын алатын, ғасырларды жарып, тірі келе жатқан көне ақындарымыздың, ойшылдарымыздың көш басындағы философ, психолог, композитор, жаңашыл ақын деп білем. Бұл менің жеке пікірім, абайшыл емеспін, оқырманмын. Абай туралы еңбектермен де таныстым. Әсерім алақұла. Қайсыбірінің пікірімен келістім, қайсыбірінің пікірімен келіспедім.

Абай Семейден басқа жаққа барған, Санкт-Петербуртта оқыған жоқ. Соған қарамастан, орыстың рухани дүниесінің инжу-маржанын бойына сіңіріп, рухани байыды. Көңіліңе келсін, келмесін, шырағым, «өлең – сөздің патшасы» деген сөзді Абайдан басқа кім айтты? Абаймен

ешқайсымыз таласа алмаймыз. Абай барлық уақытта бізге үлгі.

«МАҚАЛДАРЫМЫЗДЫҢ АСТАРЫ ТЕРЕҢ»

– Халің қалай?

– Орташа.

– Орташа болғаны жақсы. Жұрт тезекпен ұрмайды, ауызбен қарғамайды. Сенен сұрайын дегенім, «бар екен де жоқ екен» дегеннің мағынасын қалай түсінесің?

– Адам өмірге келеді, кетеді деген ұғымды білдіретін шығар.

– «Бар екен де жоқ екен» деген бай, бірақ жан баласына ешқандай бересің жоқ, байлығы болғанмен ешкімге ешнәрсе татырмайды деген ұғымды білдіреді.

– Қазымыр адамдар да сондай ғой.

– Иә, сондай. Сенің: «Адам өмірге келеді, кетеді», – дегенің де «бар екен де, жоқ екен» ұғымымен туыс.

Біздің елде бала кезімде «бар екен де, жоқ екен» деп ешкімге ешқандай қайырымы жоқ байларды айтатын-ды. Аулымыздың ақсақалдары:

– Оның байлығының барынан жоғы жақсы. Өйткені жақсы адамның ең құрығанда сәлемі дұрыс болады, – дейтін. Жасыратыны жоқ, ауылымызда сәлемі де сатулы сараң бай болған.

– Сіз «Жемесен де май жақсы» бермесе де бай жақсы», «Бар қасына барып байымасаң, маған кел, жоқ қасына барып жоғалмасаң, маған кел» деген мақалдардың мән-мағынасын қалай түсінесіз? Бір қарт кісіден сұрағанды: «Бермесе де байдың, бардың жақсы болатыны – алдына барғанды аштан өлтірмейді» деп жауап берді.

– Қайран дүниеқоңыздық! Көбіміз дүниені ғана ойлап, ар жағында не барын білмейміз. Балаларымыз әлгі мақалдарда қайырымды,

жақсы адамдардың материалдық байлығын емес, рухани байлығын айтқан. «Бар қасына барып байымасаң маған кел» дегені – сен оның ақыл-парасатымен рухыңды көтеріп, дұрыс өмір сүресің дегені. «Жоқ қасына барып, жоғалмасаң, маған кел» дегені – ақылсыз ақымақтың қасына барсаң, ақылыңнан айырыласың дегені. Бұлар астарлап айтылған мақалдар. Әлбетте, бардың қасына барсаң, оның ақылы, өмір тәжірибесі саған ой салады. Жаман болмайсың. Жоқ қасына барғаннан ештеңе үйрене алмайсың.

– Тағы бір мақал бар ғой.

– Қандай мақал?

– «Бай қарады дегенше, бақ қарады десеңші» деген мақал.

– Иә, оның да мағынасы терең. Қазақтардың көбісі сен айтқандай «бай қараса, аштан өлмейсің» деп түсінеді. Ол дұрыс түсінік емес. Есімде болсын, бай өзінің материалдық көмегін беріп, ешкімді байыта алмайды. Керісінше, әлгі мақал: «Рухани адам саған қарады дегенше, сен де үлкен рухани бай адам болып шығасың, сенің қолыңа түспейтін қымбат қазына жоқ, алдына келіп иілмейтін жан болмайды» – деген мағынада айтылған. Қандастарымыздың көпшілігі терең ойлана білмегендіктен оны материалдық шеңберде ғана түсінеді.

– «Жақсының ақылы таңертең кіреді» деген мақалға қалай қарайсыз?

– Ол мақал емес, ол – қарғыс. Ондай адам жақсы бола ма екен? Бір-ақ рет ақылы кіретін немені жақсы деуге бола ма? Қазақ: «Жаманның ақылы түстен кейін, көбінесе ертеңгілік кіреді», – дейді. Өйткені ұйықтап түрегелгеннен кейін оның миы шамалы демалады. Жақсы адамға ақыл түнде, күндіз, не таң ата кіре ме, бәрі бір, оған шек жою мүмкін емес.

– Жақсы адамға барлық кезде ақыл кіре береді дейсіз ғой?

– Әрине. Өйткені ол жақсы адам. Жақсы деген атақ алған оған шек қоюға болмайды.

Менің ең үлкен мақсатым – немере, шөберелеріме философиялық ой қалдыру ғана. Байқаймын, шөберелерім болмаса, немерелеріме ойдың қажеті жоқ сияқты. Олардың өмір сүру, киім, тамақ табу жолы басқаша болып кетті. Сондықтан мен өмірге қатты шөлдеп, шөліркеген адаммын. Нақты айтсам, Абайдың «Қалауын тапса қар жанады» деген бабаларымыздың сөзіне таққан мінін балаларымыздың осы үшін «Абайды жөндемек болған бұл кім?» деп мені қанша адам тілдеп, сөкті. Жүз адамнан: – Абай баба дұрыс айтты ма? – деп сұрашы. «Дұрыс айтты, дұрыс айтты» деп бәрі шулап, қол шапалақтайды. Ішіндегі мұртты ақымақ менмін.

Жоқ, мұны байдың айтқаны белгісіз. Ғасырдан ғасырға ұмытылмай келе жатқан және мағынасы терең «Қалауын тапса, қар жанады» деген мақал не деген алтын, не деген керемет мақал. Ешқандай қар жанбайтыны анық, алайда қалауын тапсаң, бітпейтін нәрсе жоқ.

Атам қазақ: «Айтуын біз айтамыз, оның түйінін кейінгі ұрпақ өзі шешеді» деген. Неге бұлай дегенін сұрамайсың ба?

– Неге?

– Сен шешіп берсең, шайнап берсең, оның бойына дарымайды. Сол сияқты бабаларымыз қысқа ғана астарлап айтқан, оның ар жағында не өздері ақылшыл деген. Ақымақтар көзінен көреді, соны ғана сөз етеді.

– Жұмбақ жан дегенді қалай түсінеміз?

– Адам бір-біріне оқылмаған кітап сияқты жұмбақ. Біріншіден, біреудің ойын біреу онша біле қоймайды. Екіншіден, жұмбақ жан өзінің ойындағы жақсылығын да, жамандығын да ешкімге айтпайды. Өзінің қабілетіне, өзінің еңбегіне сүйенеді де жүреді. Ол құласа да

ешкімнен көрмейді, биікке шықса да біреулердің арқасынан шықтым демейді.

Егер өзінің ақыл-парасатыңмен, еңбегіңнен биікке шықсаң, мақтанбайсың. Өйткені сен биікке өз еңбегіңмен шықтың. Биіктен құлап түссең, ешкімге өкпелей алмайсың. Себебі, өзіңнің қабілетсіздігіңнен шықпайтын биікке шығып, төменге домалап құладың. Демек, сен шыңға шыға алмаған адамсың. Біреудің көмегімен аспанда ұшып жүргеннен гөрі өзіңнің табиғи қабілетіңмен шаңғы сазы, топырағы бар жерде жүрсең өмірде өкінішің аз болады.

– Жұмбақ жанның ешкіммен ісі жоқ емес пе?

– Әрине, ол ешкіммен араласпайды, ешкімге ештеңе айтпайды. Мысалы, мен ешкіммен араласпаймын. Алайда өзімді жұмбақ жанмын демеймін. Біреу сөйлесе, сөйлесем. Мен үндемей отыра алмаймын. Үндемеу – өлген адамға ғана тән нәрсе. Адам бірімен-бірі кездескенде тамаққа тою, бетінен сүю үшін емес, бірін-бірі тыңдап, өмірдің әлі ашпаған жаңа есігін ашу үшін кездеседі. Оны көп адам түсінбейді. Менің жұмбаққа айналатын себебім осы. Жан дүниемді түсінбеген адам көбіне мені жұмбақ адам деп ойлайды.

– Абайды жұмбақ жан дейді ғой.

– Абай ешуақытта жұмбақ жан болған жоқ. Жұмбақ жан деп кім айтады?

– Тәкен Әлімқұлов Абайды зерттеп, «Жұмбақ жан» деген кітап жазды.

– Тәкен «Мен бір жұмбақ жан, оны да ойла» деген Абайдың өлең жолына сүйеніп жазған шығар. «Мен бір жұмбақ жан» дегенде Абай өзін айтып отырған жоқ, керісінше кітап баласының бір-біріне оқылмаған кітап сияқты деген өмірдің заңдылығын айтқан. Жұмбақ жан болса, неге біз Абайды данышпан деп жүрміз? Сен Тәкенмен қалай келісіп, «ойпырмай, шын екен» деп отырсың?

Жұмбақ жан болса, біз неге Абайды ұлы ақынға теңеп жүрміз. Жұмбақ жанды ешкім түсінбеуі керек қой. Оның не істеп, не ойлап жүргенін ешкім білмесе, біз Абайдың әр сөзінің, әр өлеңінің астарын білеміз. «Өлең шіркін өсекші, жұртқа жаяр» деген кісі қалай жұмбақ болады.

Адам баласының біріне-бірі адами көзқараспен қарай алмайтын, біріне бірінің бауырлағдайды, достығы азайған кезде ұмалғанда, біріншісі жаны ашыған, екіншісі жақсы шығарманың авторын мінеп, орынсыз кінә тағып, беделін кетіру үшін сын айтылады. Бұл сын емес, жай өсек авторға жабылған жала.

Абайды жұмбақ жан деген ұғымды мен мойындамаймын. Абай қалайша жұмбақ, маған түсіндірші? Жұмбақ жанға ешкім ешуақытта баға бере алмайды. Оны ұлы ақын, лирик, немесе философ дегеніміз жалған болғаны ма? Өмірдің барлық философиялық шешілмеген жұмбақтарын шешіп берген Абай қалай жұмбақ жан болады? Тіпті, қазақтың мінез-құлқын, қызметке таласатынын, тағы басқа ерсі әрекеттерін қалдырмай жазған Абайды қалай жұмбақ жан дейсіңдер? Мүмкін менің білімім сендердің білімдеріңнен әлдеқайда төмен шығар? Оған таласпаймын. Тек менің ойымның дұрыс емес екендігін дәлелдеп, түсіндірерші?

– Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» дегенді мақсаты – Абайдың сыры әлі ашылмай жатыр дегені болу керек.

– Бұл басқа мәселе. Әлі де Абай сияқты дананы жан-жақты зерттеуіміз қажет. Бәріміз қанша талпынсақ та, оның тереңіне әлі бойлай алмай келеміз десе, ол басқа тұжырым. Кімнің кім екенін ешкім білмесе, ол – жұмбақ.

Ғарыш кемесін басқарып жүрген адамдарды қалай жұмбақ жандар дей аламыз? Ол мүмкін емес.

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВТЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстандағы тіл майданы Қазақстан Республикасының негізі қаланған 1920 жылдан басталды деп білеміз. Кремль Қазақ Республикасын құруға келіссе де оны қазаққа басқартуға келіспеді. Қазаққа сенбей, жас республика басшысы етіп қазақтың тілін білмейтін Пестковскийді жіберді. Сөйтіп, Қазақстан билігі өмірге келген күннен бастап Пестковскийдің алдында орысша шүлдірлей бастады. Кремльге қазақ тілінің керегі жоқ еді. Кремльге күллі КСРО-ның орыс тілінде сөйлегені керек еді. Коммунистер қол астындағы Қазақстанда қазақтың сөзі ғана емес, өзі де жойылуға аз-ақ қалды. Осылайша, қазақтың тілін, дінін, тарихы жадын жою 70 жылға созылды. Нәтижесінде, Тәуелсіздікке қазақ санасы сансырап жетті.

Мемлекеттік мектеп болып бірігуі керек. Бұл мемлекеттік мектепте барлық ұлттың балалары білімнің 60 пайызын жаңа латын әліпбиімен қазақ тілінде оқуы керек. Барлық балалар білімнің 40 пайызын бұрынғы кириллицамен орыс тілінде оқуы керек. Сонда, бұл мемлекеттік мектепті бітірген балалар қазақ тілінде де, орыс тілінде де сайрап пайғатын болмақ. Екі әліпбиді де пайдалана беретін болмақ. Кириллицаны білу – осы әліпбиде қалыптасқан 70 жылдық жазба мәдениетімізден көз жазып қалмау үшін қажет. Ал, ағылшын тілін білгісі келетін бала-

МЕКТЕПТЕР БӨЛІНБЕУІ КЕРЕК

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРЫС ТІЛІНЕ ДЕГЕН ТӘУЕЛДІЛІГІН ЖОЯ АЛМАДЫ

Тәуелсіздік тіл майданындағы қазақ тілінің орыс тіліне деген тәуелділігін жоя алмады. Сорақысы сол, егемен ел болғанымызға отыз жыл болып қалса да үлкен шенеуніктеріміз әлі күнге айдай әлем алдында Қазақстан төрінде отырып орысша сайрайды. Бұл жәйт қазақтың көкірегіңде: «Оу, біз осы қайда отырмыз? Тәуелсіз Қазақстанда ма, әлде Ресейде ме?» деген сұрақ тудырады. Оның арғы жағында: «Тілімізді қорғай алмаған бұл қандай Тәуелсіздік?» деген сұрақ тағы тұрады. Тіл майданында қалыптасқан осынау келеңсіздіктен қалай құтыламыз?! Сол жолды іздеу үстінде келген бір қорытындымызды ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов назарына ұсынамыз.

Сіз жақында «Ағылшын тілін балабақшадан алып тастау керек!» – дедіңіз. Біз қол шапатадық. Бірақ, біз ағылшын тілінің балабақшада жүріп жатқанынан бейхабар екенбіз. «Астапыралла» дедік. – Балабақшаға шет тілін тықпалап жүрген қай басшы, қай мәнғүрт болды екен?! Кім де болса, бұл қазақ тіліне жау пиғылдық жанның тірлігі! Мемлекеттік балабақшада тек мемлекеттік тілде тәрбие берілуі керек емес пе?! Бұл бұлжымас аксиома емес пе?!»

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағылшын тілін, балабақша тұрмақ, мектептің жоғарғы сыныбына қарай ысыру керек деді емес пе?! Осы ұсыныс орынды емес пе?!

2025 жылдан бастап мектептер жаңа латын әліпбиіне көшеді деп отырмыз. Осы жерде бір үлкен сұрақ туындайды. Ол әлі басы ашылмаған мына сұрақ. Жаңа латын әліпбиіне қай мектептер көшеді? Тек, қазақ мектептері ме, әлде, Қазақстан мектептерінің бәрі түгел көше ме? Естүімізше, жаңа әліпбиге тек қазақтілді мектептер көшетін көрінеді. Орыстілді мектептер еш өзгеріссіз өзінің кириллицасында қала беретін көрінеді. Өйткені, орыстілді мектептерді кириллицадан ажырату Кремльдің көңіліне келуі мүмкін. Тек ғана, Кремльдің ғана емес, өз ішіміздегі миллиондаған орыстілділердің қарсылығын тудыруы мүмкін. Оның алғы шебінде жүздеген мың орыстілді қазақтар жүруі мүмкін. Қазақстан өкіметіне, әрине, бұндай бас ауру қажет емес. Сондықтан, орыстілді мектептерді өзгеріссіз, өз кириллицасында қала беретін сияқты. Бұл ресми көзқарас көрінеді.

Бұл рас болса, бұл сақтықтың соңы не болмақ? Көз жүгіртіп көрелік. Қазақстанда бұған дейін мектептер



тілдік негізде екі үлкен топқа бөлініп келді. Қазақтілді, орыстілді болып. Соның салдарынан Қазақстанда екі тілде сөйлейтін параллель екі қоғам қалыптасты. Енді, латын әліпбиі енгізілгеннен кейін, мектептер тілдік негізде ғана емес, әріптік негізде де екіге бөлінбей ме?! Бұл Қазақстан қоғамын әріптік негізде де, тілдік негізде де бір-бірінен алшақ әкетпей ме?

Осылайша, тілдік және әріптік негізде бөлінген екі мектеп екі қоғам қалыптастырмай ма?! Бұлайша, бөліну түптің-түбінде мәдени, психологиялық текетіреске алып келмей ме, қазақтілділер мен орыстілділерді? Бұндай болашақты болжау үшін сәуегей болудың қажеті жоқ екені белгілі.

Ендеше, бұндай болашақтан сақтану үшін не істеу керек?! Осы сұрақты біз төтесінен Қазақстан саяси элитасына қойғымыз келеді. Өйткені, бүгінгі мектеп, ертеңгі – қоғам. Ал, қоғам негізі балабақша, мектепте қаланатыны белгілі.

Олай болса, бірлік балабақшадан басталуға тиіс. Мемлекеттік балабақшада тәрбие мемлекеттік тілде берілуге тиіс. Бұндай балабақшадан мемлекеттік тілде сөйлеп шыққан балалар ұлтына қарамастан, түгел бір мектепте, мемлекеттік мектепте оқуға дайын болады. Ендеше, мектептер қазақ, орыс болып бөлінбей, бірегей бағдарламамен оқитын бір

лар болса, олар ол тілді сабақтан тыс үйірмелерде оқуы керек.

Бұндай бірегей мемлекеттік бағдарлама арқылы білім беретін мемлекеттік мектептерді бітіріп шыққан түлектер үшін Қазақстанда тіл проблемасы болмақ емес. Олар ең алдымен мемлекеттік тілді ұлтаралық тіл ретінде пайдалана беретін болмақ. Содан кейін орыс тілінде де сауатты білім алып шықпақ. Егер, біз бүгін мемлекеттік балабақшаны түгел мемлекеттік тілге көшірсек, ондай балабақшадан шыққан балалар түгелімен енді бір 3-4 жыл ішінде мемлекеттік мектеп табалдырығын аттайды. Нәтижесінде, алдағы бір 15 жыл ішінде тіл мәселесі Қазақстанда өзінен-өзі күн тәртібінен түсіп қалады. Өйткені, өмірге бір мектепті бітірген екі тілде де сайрап тұрған жаңа ұрпақ келеді. Ұлтына қарамастан, мемлекеттік тілде сайрап тұрған жаңа ұрпақ Ұлы Даланың үлкен патриоттары болады.

Ал, Ұлы Даланы тілін білмей, сүю мүмкін емес. Тек, бірегей мемлекеттік мектеп негізінде ғана түгел мемлекеттік тілде сөйлейтін жас ұрпақ қалыптаспақ. Тілі бір Қазақстан қалыптаспақ. Ынтымағы жарасқан болашағымызды біз осылай елестетеміз.

Смағұл ЕЛУБАЕВ,
жазушы, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері



Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ:

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ БАСТЫ НАЗАРДА

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Facebook-тегі парақшасында ведомствоның қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты қолға алған жұмыстарына тоқталды. Оның айтуынша, министрлік білім беру мекемелерінде қазақ тілін оқытуға қатысты ауқымды өзгерістер енгізіп жатыр.

«Атап айтқанда, енді балабақшаларда ағылшын тілі міндетті пән ретінде оқытылмайды. Бала жастайынан өз ана тілінде тәрбие алуы керек. Осы тұста, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне басымдық берілгені дұрыс» деген ұсынысы біздің жұмысымызға қолданылады», – деп жазды Асхат Аймағамбетов.

Бұдан бөлек, қазақ тілінің бағдарламасы да өзгертілмек. Алдағы уақытта грамматиканы оқытуға бөлінетін сағат саны артады.

«Оқушының дұрыс жазуы мен сөйлеуі үшін, ойын тиянақты және сауатты жеткізудегі грамматиканың орны ерекше. Бұл тұста біз тағы да Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріне жүгінеміз. Өздеріңізге белгілі, «Әліппені» мемлекеттік стандартқа енгіздік, оның бағдарламасы да дайындалды, оқулық дайындалып апробацияға кіріп, келер оқу жылынан бастап бірінші сыныптарға Ана тілімен бірге қайта енгіземіз», – дейді министр.

Ол қазақ фонетикасын жетік меңгерген ғалым Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған методика бойынша дайындалып жатыр. Отандық ғалымдар мен баспагерлер қазір осы бағытта жұмыс жүргізуде. Жақында Әліппенің жобалық нұсқасы қоғаммен бірге талқыланады.

Сонымен қатар мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдісі қайта қарастырылады. Бұл мәселе бойынша мемлекет басшысының тапсырмасы бар, – деп атап өтті білім министрі.

«Әдебиетті ғалымдардың, білікті ұстаздардың, осы сала мамандарының басын қосатын арнайы комиссия құрылып, қазақ әдебиетінің мектепте оқыту әдіснамасы, бағдарламасы мен оқулығы қайта пысықталмақ», – деп толықтырды Аймағамбетов.

Әдебиет пәні аясында оқытылатын шығармалар оқушының жас ерекшелігіне қарай, жанр, кезең, сюжеттік желісінің алуандығы тұрғысынан іріктеліп, отандық классиктердің еңбектері ерекше назарға алынады.

Оның айтуынша, министрлік әркез қазақ тілі мен әдебиетінің дамуын басты назарда ұстайды.

Алдағы уақытта білім министрлігіне бұрынғыдан екі есе үлкен жауапкершілік жүктелмек. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, келер жылдан бастап тіл комитеті білім және ғылым министрлігінің құрамына кіреді. Министрлік тәрбие мен білімді, ғылымды дамытумен қатар тіл саясатын да жүргізеді.

«Мемлекеттік тіл саясаты балабақшадан бастап университетке дейін дұрыс қолға қойылуы керек», – деп түйіндеді министр.

Адамзат атаулы қоғамдасып ғұмыр кешу арқылы ғана жоғары дәрежедегі өмір деңгейіне қол жеткізгені белгілі. Сондықтан, қоғамның әрбір мүшесінің сол ортада алар өз орны болуға тиісті. Оның әрбір мүшесі белгілі бір ұйымның, қоғамның, мемлекеттің, кең көлемде алғанда әлемдік қауымдастықтың дамуына әсер етері де даусыз. Содан да болар біздің Атазаңымызда мемлекеттің ең басты байлығы адам болып табылатыны туралы тайға таңба басқандай көрсетілген.

Жақында ғана мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деген тақырыппен халыққа Жолдауы жарияланғаны белгілі. Бұл аталмыш Жолдауда мемлекетіміздің одан әрі дамуына қатысты экономика, білім беру, денсаулық сақтау, адам құқығын қорғау сияқты бірнеше басты салалар ерекше аталып, негізгі бағыт-бағдарлар көрсетіліп, алда атқарылар жобалар мен жоспарлар белгіленді. Ол туралы көпшілік тарапынан қызу талқылау жүріп, оның қатарында түрлі саланың белгілі мамандары, ғалымдар, қоғам белсенділері өз пікірлерін білдіріп те жатыр.

қоғамдық ұйым қаншалықты қаржыға қарық болғаны өз алдына бөлек әңгіме. Айталық, «Нұр Отан» мен «Ауыл» партияларының немесе Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Қазақстан Журналистер одағының материалдық жағдайын тіпті салыстыруға келмейді, айырмашылығы жер мен көктей. «Нұр Отан» мен ҚХА ғимараттарына әкімдіктерілердің өздері қызыға қарайтын болар. Онда істейтін адамдар саны жергілікті әкімдік немесе министрліктерден сәл ғана аз болуы мүмкін. Былайша айтқанда, мемлекеттік мекеме деңгейіне жетеабыл. Соншалықты, қаржыны олар өз күштерімен тапты

бастады. Тіл мәселесін алайық, Конституциямыздағы жетінші баптың екінші тармағын алып тастап, Тіл туралы заң қабылдау керектігі жайында жұрт шулағалы да бірнеше жыл өтті. Жүз мыңдаған адам қол қойған көпшіліктің бұл талабы әлі де орындалған жоқ. Немесе біздің еліміздегі кәсіподақтардың жұмысына тоқталайық. Айта кетелік, дүниежүзі бойынша дөп осы кәсіподақтардың беделі біздегінен анағұрлым жоғары. Олар жұмысшылардың мүддесін қорғап үкіметке талап қойып, өз талаптарын орындата алады. Ал, бізде ше? Біздегі кәсіподақ ұйымдарын үкімет көзіне де ілмейді. Қарапайым

да ашық және әділ бәсеке бар. Қай партия қоғамды дамытуға бағытталған өзінің ұтымды ұсыныстарымен бұқараны иландыра білсе, сол ұйым сайлауда көпшілік дауыс жинап, өз өкілін билік басына ұсына алады. Ашығын айтсақ біз әлі ондай дәрежеге жете алмай жатырмыз. Өйткені, бізде қоғамдық ұйымдар арасында ашық бәсеке жоқ. Бәріне бірдей мүмкіндіктер жасалмаған. Ондаған жылдар бойы бір ғана партия билік тармақтары мен Парламенттегі орындарға жеке-дара иелік етіп келеді. Мұндай жағдайда кез келген партия күндердің күнінде автократия «ауруына» шалдығатыны заңды құбылыс.

Енді осы мәселеге қатысты көпшіліктің ойы қандай, соны саралап көрелік.

Бірақтар белгілі саясаткерлер, қоғам белсенділері мен көптеген қарапайым тұрғындардың мынандай ұсыныстары мен пікірлерін байқауға болады.

1. Парламенттік басқару жүйесіне көшу. Парламент бір ғана палатадан тұрсын.

2. Президенттік басқару болған күнде, мемлекет басшысы ешқандай партияда болмауы керек.

3. Парламентке, жергілікті мәслихаттарға партиялық тізіммен емес, әрбір үміткерді тікелей сайлау.

4. Ең бастысы – сайлау әділ және ашық өтуі қажет. Ол үшін сайлауды қоғамдық ұйымдар өткізуі міндет. Орталық сайлау комиссия мүшелерін сайлауға санаулы күн қалғанда бекіту.

5. Барлық деңгейдегі әкімдерді тұрғындар тікелей өздері сайлау және міндетін атқара алмаса, орнын алып тастау құқығын беру.

6. Қоғамдық ұйымдардың күзіретін кеңейтіп, мемлекетті басқару ісіне тартып адамдардың белсенділігін арттыру.

Әрине, осы аталған ұсыныстар жаналық емес, бұл туралы қоғамда көптен бері айтылып келеді. Оны бүгінгі билік білмейді деп те айта алмаймыз. Осыншалық күрделі өзгеріске олар бірден бара қояды дегенге де сену қиын. Жолдауда көрсетілгендей жаңа іс-қимылға көшеміз десек мұның бәрін ескермеске болмайды.

«Егер азаматтарымыздың әл-ауқатын шын мәнінде жақсартқымыз келсе, олардың өздерін осы іске белсенді түрде тартқан жөн. Алдағы саяси реформалардың барлығы халықты мемлекет басқару ісіне кеңінен қатыстыруға бағытталуы керек» делінген Жолдауда. Өте құнды пікір. Бұл сөзіміз Жолдау авторына жағымды жасаған азамат емес. Алдында айтқандай, бір ғана үкімет өз бетімен халықтың барлық жағдайын жасай алмайды. Қоғамдық ұйымдардың, бұқараның өзінің белсенділігі аса қажет екендігіне өткен осы отыз жылда әбден көз жеткізіп болдық емес пе? Олай болса, билік бұрынғыдай теріс қарамай, бұқараға бет бұрғаны дұрыс. Билікке қолым жетті екен деп өз қара бастарының қамын ғана ойлайтын мемлекеттік қызметтегі шенеуніктердің санасында халыққа, өз ұлтына адал қызмет ететін таза ниет калыптатуы керек алдымен. Одан кейін, бұқараның белсенділігін арттыру қажет. Сонда ғана әрбір адам өз елінің иесі екенін түсініп, оның болашағына жауапты екенін сол кезде ғана сезіне алады. Билік пен бұқара біріккенде ғана мемлекеттің қуаты артып, тұрғындарымыздың тұрмысы жақсарып, еліміз әлемге таныла алады.

Зейнолла АБАЖАН

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР ҚҰЗЫРЕТІ КЕҢЕЙТІЛСІН

Әрине, Жолдауда көптеген мәселелер көтерілді. Біз бүгінгі әңгімемізде бір ғана қоғамдық ұйымдарға қатысты мәселені қарастырып көрелікші. Қоғамдық ұйым дегеніміз – ол біздің адамдарымыз, бүкіл бұқара қауым. Оның қатарында бәріміз де бармыз, өйткені, ешкім қоғамнан тыс қала алмайды. Біз өмір сүріп отырған қоғамның қозғаушы күші де сол ұйымдар болып табылады. Бір ғана үкімет, оның сапында жүздеген алтын басты адамдар болса да халықсыз жеке-дара мемлекет бола алмайды. Әлемдік тәжірибеге, дүниежүзі елдерінде қалыптасқан қағидағарға сүйенсек үкімет дегеніміз – қоғам талабына орай іс-шараларды үйлестіруші, тек қана атқарушы билік қана болуы керек. Өкінішке орай, бізде бұл қағида үнемі іске асып жатқан жоқ. Билік пен қоғам арасындағы байланыс біржола үзілмесе де, өте төмен деңгейде. Сырттай қараған адамға біздің үкімет өз алдына, бұқара да бөлек елде өмір сүріп жатқандай. Содан барып әлеуметтік-тұрмыстық, саяси-экономикалық тағы басқа да салада қарапайым халық пен билік арасында түрлі түсініспеушіліктер пайда болады. Осы кемшіліктерді түзету үшін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруды үкіметке тапсырған болатын. Жолдаудың «Азаматтарды мемлекетті басқару ісіне қатысуы» атты оныншы бөлімінде «Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруды қолға алдық. Бұған дейін айтқанымдай, бұл – мемлекеттік органдар тек азаматтардың күнделікті мәселесіне байланысты жауап қатуы тиіс деген сөз емес. Бұл, ең алдымен, билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог» деп атап көрсетті президент. Сол сияқты Жолдаудың «Әділетті мемлекет азаматтардың мүддесін қорғау жолында» деп аталатын сегізінші бөлімінде «Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тындап, көріп қана қойып жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет» делінген. Осы жолдарды оқи отырып бұдан артық не керек дерсіз. Ия, бір қарағанда солай. Бірақ айту

бар да, оны іс жүзінде орындау деген бар емес пе? Біздің көп жылғы тәжірибемізге қарасақ орындау жағы тым олқы соғып жатыр, сөз бен істің арасы тым алшақ. Оған отыз жыл бойы жарияланып келген жүздеген бағдарламалардың біреуі де толық орындалмағаны, орындалса да істелген жұмыстардың сапасыздығы нақты дәлел.

Қоғамдық ұйымдар туралы түсінік нені білдіреді? Қоғамдық ұйымдарға халықтың белгілі бір тобының мүддесін ұстанатын және қорғайтын, алдына қойған әлеуметтік немесе басқа да мақсатқа жету үшін ерікті түрде мүшелікке кірген адамдардың бірлестігі жатады. Мұндай ұйымдар бірлесе әрекет ету үшін халықаралық, жалпымемлекеттік, аймақтық, ұлттық, жергілікті көлемде ресми және бейресми сипаттағы одақтарға, түрлі ұйымдарға бірігуі мүмкін. Қоғамдық ұйымдар әртүрлі болып келеді. Оған партиялар, кәсіподақтар, жастар ұйымдары, кооперативтік бірлестіктер, шығармашылық одақтар, әртүрлі ерікті қоғамдар, ғылыми, мәдени-ағарту, спорттық, қорғаныс, діни және тағы басқалары жатады. Оны бізде «үкіметтік емес ұйымдар» деп айдар тағып, өз ыңғайларына қарай атап жүргенін білеміз. Бұл біржақты сипаттама сияқты естіледі. Үкімет пен қоғамды ашықтан ашық екіге бөліп, бірін-біріне біріктіруге бағытталып тұрғандай сезіледі. Біздіңше «қоғамдық ұйымдар» деген құлаққа анағұрлым қонымды. Ал, арасында айырмашылық болса, бір-біріне кереғар ұғым дейтіндер табылса, оны өздері білсін. Қалай болғанда да екеуінің мағынасы алшақ емес.

Бытырғы жылдың қараша айында берілген ресми мәліметтерге қарасақ, бүгінгі күні біздің елімізде 22 мыңнан астам «үкіметтік емес ұйымдар» тіркелген екен. Бұл әрине, ресми түрде тіркелгендері ғана, ал тіркелмегендері қаншама. Ұсынылған деректер бойынша соның ішінде 12 мыңдайы белсенді түрде жұмыс істеп жатқан көрінеді. Олардың бір бөлігі мемлекеттік тапсырыстар арқылы, қалғаны отандық меценаттардың және өз ішіндегі мүмкіндігі бар мүшелерінің көмегімен қаржыландырылады екен. Тек қана соңғы 16 жылда «үкіметтік емес ұйымдарды» мемлекет есебінен қаржыландыру шамамен 11 миллионнан 20 млрд. теңгеге дейін өсіпті. Бұл жерде қай партия немесе басқа да



деу тым қисынсыз болар. Сонда олардың бәрін кім қаржыландырып отыр? Ал, Журналистер одағы пәтерден соң пәтер ауыстырған баспанасыздың күйін кешуде. Басқа да көптеген қоғамдық ұйымдардың да жағдайы мүшкіл. Айтайын дегеніміз, қоғамдық ұйымдардың жемісті еңбек етуіне материалдық жағдайы да әсер ететіні, олардың тең мүмкіндікке ие бола алмай отырғаны. Бізде қаржыны қадағалау жағы өте нашар, миллиардтаған ақша шетелге де асырылып жатыр. Қоғамдық ұйымдардың ақшасын да санамай-ақ қоялық. Ең басты мәселе – осы ұйымдар еліміздің дамуына қаншалықты үлес қосып жатыр, қандай нақты іспен айналысып, нендей жетістіктерге жетіп жатқанында емес пе?

«Жүзден – жүйрік, мыннан – тұлпар» дейді халық даналығы. Көптеген құнды пікірлер мен бағалы ұсыныстар үкіметтегі саналуы шенеуніктерден емес, әдетте көпшілік тарапынан айтылады. Бірақ соны ескеріп, жан-жақты саралап іске асыру жоқ. Айта-айта әбден жауыр болғанда ғана биліктегілер қимыл көрсеткендей болады. Бір екі ғана мысал келтіре кетейік. Бағы жанбаған білім саласындағы «Әліппенің» әлегі, шет тілін балабақшадан бастап оқытпау, баланы ана тілінде оқытып, ұлттық тәрбиеге баса назар аудару керектігі жөнінде жұртшылық неше жылдан бері айтып келеді. Осы маңызды мәселе қоғамдық ұйымдардың тоқтасып талабы бойынша енді ғана қолға алына бастады. Алдында болған жиырма шақты «реформатор» министрлердің біліксіздігінен болған былықтарды енді ғана түзей

адамдардың еңбегі дұрыс бағаланбай, тұрмысы төмендеп жатса да оларды қорғайтын заңды орындар дәрменсіз болып шығады. Содан барып жұмысшылардың құқықтары тапталып, кәсіпорынның иелері, былайша айтқанда олигархтар билгенін істейді. Ал, Миттал сияқтылар тіпті мемлекет басшысының айтқанына да пысықырып қарамайды. Осы сияқты мысалдарды кез келген сала бойынша келтіруге болады. Бұл нені көрсетеді? Біздің үкімет қоғамдық ұйымдардың, яғни, бұқараның талап-тілегіне немқұрайлы қарайды деген сөз.

Мемлекет басшысының соңғы Жолдауы халықтың келер күнге деген сенімін оятқандай болды. Оны бүгінгі күні осыған қатысты айтылып жатқан көпшіліктің пікірінен байқауға болады. Алайда, оның нақты қалай іске асары белгісіз, оны уақыт көрсете жатар. «Ел азаматтарының мүддесін қорғау жөніндегі маңызды миссияны бұрынғыдай саяси партиялар атқара береді. «Nur Otan» партиясы өзінің іс-қимылы арқылы қоғамымыздағы жетекші саяси күш екенін дәлелдеп отыр. Партия алдағы реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысып, өзінің әлеуетін толықтай пайдаланатын болады. Сонымен бірге, мен, мемлекет басшысы ретінде, шын мәніндегі көппартиялық жүйені дамытуға күш салуға міндеттімін» – деді өз Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев.

Көппартиялық демократиялық қоғамның басты белгісі десек те болады. Дамыған елдердің бәрінде көппартиялық жүйе берік қалыптасқан. Олардың арасын-

Кез-келген тілдің дыбыс құрамында сол тіл үшін маңызы бөлек, тілдегі қызметі (функциясы) жағынан құнды дыбыстар болады. Ондай дыбыстардың әліпби құрамында міндетті түрде орны, жіктелім кестеде меншікті түрде ұясы болу керек. Бұл – жазуға қойылатын басты талап.



лып «жасырын» қала бере ме? Осы сөздердің жазылымындағы (орфографиясындағы) «жасырын» қалып отырған жоғарыдағы төрт дауысты мен екі дауыссыз дыбыс. Осындай бейрет жазылым үлгілерін реттеу үшін қазақ тілінің анықтағыштарында ондаған басы артық ескертпе-ержелер беріліп келеді. Қолдан «жасырып-бұзып» жазып, жоқ жерден басы артық еміле құрастырып жататындай басымызға не күн туды! Сөзіміздің фонетика-морфологиялық құрылымын сақтап жазуға мұршамыздың келмегені ме, әлде шынын айтайық, сауатымыздың жетпегені ме, жоқ, әлде «аға» тілдің әлі де болса, еңсе көтертпей, мойын бұрғызбай келе жатқан еміле билігі ме?! Мысалы, бір ғана **су**, **жүру** т.б. дегенде үш дыбысымызды **[u**,


көшті, бұл – біргана мысал. Қазақ тілі үндесім әуезді (сингармонизм) тіл, ендеше қазақ жазуының әліпбиі мен емілесі осы үндесім әуезді сақтаудың тікелей амалы болу керек.

Бір дыбысқа бір дыбыс кетіп жатса жарайды, ал бақандай төрт төл үндесім дыбыс тіркесімнің құрбан болып бара жатқанына сауаты бар фонетист-маман шыдамайды.

Осы бір күрмеулі «жұмбақ» арыдан келе жатқаны белгілі... Ал мызғамастай болып орнығуы көшірінді орыс әліпбиі мен емілесінен басталғанын бәріміз білеміз, жылы да белгілі – 1957 жыл. Ал сол жаңсақ еміленің қабылданғалы отырған *латын жазуымызға қалай және неге* еніп кеткелі тұрғанын, сондай-ақ әрбір

«үнемді» және «ықшам» болу керек. Сондықтан, кейбір дыбыс тіркестерін бір таңбамен (әріппен) белгілеу керек деп, кирилл ұстанымын басшылыққа алады. Сонда әріп тізбегі ықшамдалады. Мысалы, **сұу** [suw], **қый** [qiy] сөзіндегі үш дыбыстың орнына үнемдеп **су** [su], **қи** [qi] деп екі әріппен жазған ұтымды болмақ. Осы жолмен **суу** (сұууу), **қылуу** (қыйылуу) дегендегі соңғы буынды ықшамдап бір у әрібімен жазған дұрыс, сөз қысқарады. Буынға **су-у**, **қи-ы-лу** болып бөлінеді (буынға бөлудің төрелігін көзі ашық ұстаз-мұғалімдерге қалдырдық), дауысты/дауыссыз, морфем, тасымал реті де осылай реттелмек. Сөздеріміз осы ретпен әрі «үнемді», әрі «ықшам» жазылады. Теориялық ұстанымдары,

ТІЛІМІЗДІҢ ӘУЕЗІНЕ САҚ



(1-кесте)

Қазақ тілінің дауыстылар құрамында *қазақ тілін – қазақ тілі* етіп тұрған, орны бөлек, төрт дыбыс бар: **ы, і, ұ, ү**. Бұл төрт дыбыстың орны бөлек болып тұрған себебі – тіліміздің іргелі заңдылығы сингармонизмді сақтап тұрған **төрт үндесім әуезді жүйекұрауыш** дауыстылар осылар. Егер осы төрт дыбыстың біреуі жоғалатын болса, онда қазақ сөзінің үндесім жүйесі (системасы) бұзылады. Ал әліпби құрамында өзінің меншікті таңбасы (әрібі) мен емілесі жоқ дыбыс ұрпақ ауыса келе жоғалатынын қырғыз, түрік тілдерінің, тіптен, қазақ тілінің өз тәжірибесі де көрсетіп отыр. Сондықтан да біз осы төрт дауысты дыбысымыздың таңбасы мен емілесіне мұқият болуымыз керек. Былайша айтқанда, төрт дыбыс тіліміздегі төрт үндесім әуездің иесі, қорғанышы мен оққағары. Кестеден көрініп тұрғандай, «а» тобындағы дауыстылар екі-ақ әуезді (жуан езулік пен жіңішке езулік) қамтып отыр, қалған екі әуездің (жуан еріндік пен жіңішке еріндік) орны бос тұр. Келесі «е» тобындағы дауыстылардың (жуан езулік) белгілейтін дыбыс жоқ, орны бос. Олай болса осы дауыстылардың екі тобы да тіліміздің төрт үндесім әуезін түгел қамти алмайды екен. Ал «ы» тобындағы дауыстылар төрт әуезді түгел қамтып отыр, кестеде бос ұя жоқ, соның арқасында тіліміздің, өзге тілдерде жоқ, бірегей үндесім табиғаты жазуда болсын, сөйлеуде болсын жоғалмай, сақталып келеді (кестені қараңыз).

Қазақ сөзінің үндесім әуезінің басын түгел құрап тұрған төрт тағанды дауыстылар ғана екеніне көз жеткізу қиын емес.

Бұған қоса, бірнеше дүркін (тіптен, ұят болды) ұсынылып, жолдан қайтып келіп жатқан қазақ латын әліпбиінің құрамына дербес ене алмай, көшірінді орыс емілесінің құрамынан құтыла алмай, қазақ жазуының бүгінгі тарихында жолы болмай келе жатқан екі ақиқат дауыссыз дыбыс тағы бар, олар кирилше айтсақ – «**й**» мен «**у**» (келесі кестені қараңыз).

п	т	қ(к)	с	ш		
б	д	ғ(г)	з	ж		
м	н	ң(н)	р	л	й(й)	у

Орыс зерттеушілерінің «полу-гласные» деген атауы бізге «шала дауысты» делініп мұраға қалды. Орыс зерттеушілері неге «полу-гласные» деді, оған бұл жерде тоқталып жатпаймын. Қазақ тілінде ол екеуінің жасалым ерекшелігі бар: бірінші, ауыз қуысында ақиқат жасалым кедергі жоқ, бұл жағынан олар дауыстыға ұқсайды; екінші, ол екеуі буын құрай алмайды, бұл жағынан олар дауыссызға ұқсайды. Ғылымда соңғы буын құрай алмайтын белгісі негізгі болып табылады, сондықтан да олар – дауыссыз дыбыс. Ендеше, қазақ тілі үшін «шала дауысты» деген атаудың басы артық, пайдаланудың қажеті де, керегі де жоқ, фонетикалық (тілдік) мәні жоқ атаудан аулақ болу керек. Қазақ тілінде «созылық/қысқа» деген дыбыстар да жоқ, ендеше орыстақы дағдыға айналып кеткен «қысқа й» деген атаудан да түбегейлі арылуымыз керек, оның атауын өзге дауыссыздарымызбен қатар «дауыссыз й» дейміз, сонымен болды.

Су, бу, ту дегенде үндесім әуезді көрсететін бағдар белгі (маркер) жоқ, сонда не болғаны, шамасы «жасырын» дыбыс деген жаңа әдістемелік ереже ойлап табуға мәжбүр болатын шығармаз. Мұндай жағдай көп қой, **жи, ми, ти, би** деген сөздердің үндесім бағдары (маркері) жұмбақ бо-

лмай, **ж** әрібі «жұтып» жіберіп отырмыз: **су** дұрысы [sUW], **жүру** дұрысы [jürÜW], ал «**й**» дауыссызының жайы да оңып тұрған жоқ, **жи, би** т.б. дегенде тағы да үш дыбысымызды **[i, i, y]** «жымқырып» қалып отырмыз: **жи** дұрысы [jiY], **би** дұрысы [biY]. Жалған жасырынбақтың арқасында сөздің жазылым тұрқында (орфографиясында) **ұ[u], ү[ü], у[w], ы[i], і[i], й[i]** дыбыстарының таңбасы жоқ, жоқтың салдарынан сөздің үндесім әуезі бұзылып, сингармонизмнен қоса айрылғалы отырмыз. Өйткені, **су** дегендегі *жуан еріндік* әуезді, **жүру** дегендегі *жіңішке еріндік* әуезді көрсетіп тұрған **ұ[u]** мен **ү[ü]**, **жи** дегендегі *жуан езулік* әуезді, **би** дегендегі *жіңішке езулік* әуезді көрсетіп тұрған **ы[i]** мен **і[i]** дауыстыларының өзі де, орны да жоқ. Тілдегі ақиқат дыбыстың ақиқат таңбасы сөздегі өз орнында тұру керек. Тіліміздің фонетика-грамматикалық табиғатына зер салатын болсақ, қазақ тіліндегі **ый/й [iy/iy]**, **ұу/уу [uw/üw]** дегендер дербес-дербес екі дыбыстың тіркестері, олардың арасынан *морфем жігі* өтеді, *буын жігі* өтеді, *тасымал жігі* өтеді. Ендеше, басы бірікпейтін қос дыбыстың тіркестерін қалайша кирилдің **«у/и»** таңбаларымен белгілей саламыз. Жоғарыда айттық, меншікті таңбасы жоқ дыбыс бірте-бірте жойылып кетеді. Нақты айтатын болсақ, қазақтың жуан әуезді **[uw]**, жіңішке әуезді **[üw]** ЕКІ төл дыбыс тіркесі орыс тілінің бейәуез БІР «у» дауыстысына, ал жуан әуезді **[iy]**, жіңішке әуезді **[iy]** ЕКІ тіркесі орыстың тілінің тағы бейәуез БІР «и» дауысты дыбысына айналып кетері сөзсіз. Сөзсіз емес-ау, айқын, осы емілемен сауат ашқан жас ұрпақтың тіліне қараңыз, олар **«мый»** деуден қалып, **«ми»** деуге

әрібі *ғылыми* тиянақталған тіл мамандары ұсынып отырған «Ұлттық әліпбидің» неге жоғары жаққа жетпей, *жоғары биліктің көзіне ілінбей* жатқанын біреу білсе, біреу білмейді.

«Ұлттық әліпбиді» ұсынып-қолдап шырылдап жүрген мамандардың өз ұстанымы бар. «Ұлттық әліпбишілердің» пікірінше әліпби мен еміле ең алдымен сөздің (тілдің) фонетика-морфологиялық (дыбыс, буын, морфем, тасымал) табиғи құрылымын бұзбай, керісінше, тиянақты және тұрақты түрде сақтап отыруы керек. Сөз құрамындағы дауысты/дауыссыз дыбыстар, буын түрлері, морфем үлгілері өз таңбаларымен өз орнында тұру керек. Мысалы, **сұу** [suw], **қый** [qiy], **сұууу** [suuw], **қыйылуу** [qiyuluw], сонда буынға табиғи жолмен бөлінеді **[su-wuw]**, **[qi-yi-luw]**, осы ретпен тасымал жүреді. Теориялық ұстанымдары, біріншіден, біздің тіліміз үндесім әуезді тіл, үндесімді сақтау үшін әрбір дыбыс (әріп) жұтылып кетпей өз орнында «мен мұнда» көрініп тұру керек, екіншіден, тіліміздің басты өзіндік (типологиялық) белгісі – жалғамалық (агглютинатив) – жоғалмауға тиіс, ешбір қазақ көпбуынды сөзді айта алмай тұншығып, оқи алмай көзі тұнып жатқан жоқ. Үндесім әуез бен жалғамалылық жойылса қазақ тілі де жойылады. Қазақ сөзінің төл айтылымын сақтап жазудың амалы – «бір дыбыс – бір таңба (әріп)» ұстанымы.

Шынын айту керек, қазіргі кирилл қоғамның үдесінен шығып, биліктің «тілін» тапқан «әліпбишілердің» пікірінше әліпби мен еміле жазу мен оқуға жеңіл, басқаша айтқанда сөздің жазылымы (орфографиясы)

біріншіден әріп үнемдейміз, екіншіден біздің тіліміз жалғамалы тіл, ендеше шұбалаңқылықтан құтыламыз. Үнем мен ықшамның төте амалы – дыбыс тіркестерін кирилл үлгісімен «и/у» [i:/u:] таңбаларына алмастыру.

Жалған «әдістемелік» жеңілдікпен (жазуға жеңіл, оқуға оңай?) көпшілікті алдаусыратуға болмайды. «Үнем, ықшам» тәрізді «тәтті» сөздерге алдануға тағы болмайды. Және «үнем» мен «ықшамға» ұрынып отырған тек жоғарыдағы төрт дауысты, басқа дауыстылар әзірге аман қалып келеді, өйткені, оларды қысқартудың амалын таппай отыр. Әлде «сыйырға туған күн бұзуыға да оуар ма» екен... **Жазылымға оңай – әріп, өгерілімі жеңіл – еміле ешбір тілде жоқ, қазақ тілі соның бірі.** Өз тіліміз – өзіміздің табиғи тағдырымыз. Дұрыс, тіліміз жалғамалы тіл созып жазудан қашып қайда барамыз, тіліміз әуезді тіл – өз болмысымыздан өзіміз жүркіп қайда тығыламыз. Бірақ кирилдің «и/у» тәрбиесімен ауызданған қазіргі ұрпақ үшін сол «и/у» жүрген жердің бәрі дұрыс, ұсынған адамның бәрі ғұлама көрінеді. «Үнем» мен «ықшамды» қолдап отырған «көпшілік те» солар.

Ендеше, қазіргі қоғамдық деңгейде көтеріліп отырған «сана жаңғырудың» аясында «әліпби жаңғыруды» қолға алу керек болады. «Ұлттық әліпбиді» көз үйренген кирилл әліпбиден, ұлттық емілені жаттанды болған кирилл емілесінен ажыратып алып, «жаңа сана» қалыптастыру оңай болмайды. Алғашқы кезде осы қиындықты жеңуге тура келеді.

Қара күшке көнбейтін, ғылымның күшімен, қаламның ұшымен, жеке ғұлама ғана бітіре алатын іс болады, соның бірі – **әліпби.**

А.Байтұрсынұлы қазақ *ұлттық әліпбиін* бір өзі құрастырды.

Ә.Қайдар қазақ *ұлттық латын әліпбиін* бір өзі құрастырды.

Мұны айтып отырған себебіміз – соңғы кезде әліпби мәселесі

аламан дауға айналып барады, қол жинап, дауысқа салып шешуге дейін жеттік. Жоғары жаққа «көпшілік» дауыс шешті деп жеткізіп отыратынды шығардық, ал «көпшілік» шешкен үш жобаның жолы болмағаны белгілі. Шынын мойындау керек, күманды жобаларды жоғары жаққа жеткізбей тоқтататындай бізде, тіл мамандарында, мүмкіндік жоқ, қол қысқа. Айтылған сөз айтылған жерде, жазылған сөз жазылған жерде аяқсыз қала беретініне әбден көндіктік, ең болмаса, «әліпби талқысынан» сыртта қалып отырған көпшілік көңіл бөле жатар деген үмітпен тағы жазып отырмын.

Түрік (түркі емес) жазуына қатысты 1991-1993 жылдары әртүрлі деңгейде өткен

Қазақ ұлттық латын әліпбиі
Aa, Ää/Əə, Bb, Dd, Gg, Gg, Ee, Jj, Zz, Yy, Qq, Kk, Ll, Mm, Nn, Dñ, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Üü, Ww, Ii, İi, Şş.

Осы әліпбимен жазылған мәтін үзінділеріне көз жүгірітіп көріңіз, көз сүрінер бірнәрсе табысыз ба? Сөздің фонетика-грамматикалық тұрқын – сөздің үндесім әуезін, буын-морфем тұрқын, тасымал ретін (бұлар – жазуға қойылатын бұлжымас талаптар) – бұзып тұрған тұсы бар ма екен? Өзім-ақ жауап берейін жоқ, таппайсыз. Ендеше әліпбидің несі кем?

Мәтін ішіндегі «үнемдеп-ықшамдауға» ұрынып қалатын дыбыс тіркестерін қою түспен бөлектедік, оқушы қауым өздері байыптап көрсін, үнемдеп-

kerek. Sunday-aq, til ülken sayasattıñ quralı ekenin umıtпаған jön. Keler jılı atalıp ötetin mereytoylar men elewli oqıyǵalarǵa dayındıq jumıstarı bastaladı. El ömirindegi osınday elewli oqıyǵalar jas urpaqtı naǵız otansıldıqqa tərbiyelewge jol aşadı dep senemin.

Қазақ жазуының әліпбиі мен емілесінде жолы болмай жүрген екі дыбыс бар екенін жоғарыда айттық, олар кирилше айтқанда – «й» мен «у». Осы екі дыбыстың дауыссыз екенін өзгелер түгілі, тіл иесі қазақтардың өзі, тіптен қазақ тілі пәнінің мұғалімдері, түсінбей келеді: *бірде дауысты, бірде дауыссыз* деп өзімізді өзіміз алдап келеміз. Көпшілікке кінә тағудан аулақпын. Егер бірінші сыныптан бастап «су», «ту», «бу», «жи», «ми» дегендегі «у» мен «и»

«Тағы да әліпби ...» деген ұғым қалыптасты қазақта... Өйткені аз уақытта латын әліпбиінің өзін үш рет өзгертіп, төртінші рет жаңарту үстіндеміз. Біздің әліпби өзгертуге қатысты жасаған әр қадамымыз тарихта жазылып жатыр. Өткенге салауат дейін десек те, бүгінгі қазақ тіл ғылымы үшін, ғалымдар үшін бұл біліктілікті танытпайтыны тағы да шындық. «Ай-Қап!»

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАСЫ – ӘЛІПБИДЕН...

А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты мен Алматы қалалық тіл басқармасы бірігіп ұйымдастырған мәжілісте Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық және ІТ-сүйемелдеу жұмыс тобының бірлескен отырысында мақұлданған «Жетілдірілген әліпби» үлгісін талқылауға біраз ғалымдар жиналды. Аталған отырыстан «қаралатын ұсыныстар» деп бірнеше сұрақтар түсіріліпті.

Қаралатын ұсыныстар деп берілген ақпар ұсыныстардан емес, сұрақтардан тұрады екен, әрі бұл сұрақтардың ғылыми негізі де, практикалық мәні де тым әлсіз, жарты беттен тұратын ұсыныстардағы стилдік кемшіліктер туралы сөз қозғаудың өзі қисынсыз.

С өріпін әліпбиге енгізу керек пе? Ц, Ч дыбысын – С, С өріпін белгілеу дұрыс па, Ww, Xx, C таңбалары тек пернетақтада орналасуы керек пе т.б. сынды сұрақтардың қойылуы – қазақ әліпбиінің табиғатын нақтылау үшін қойылды деуге келмейді. Ұсыныстарды құрастырушылар әлі де болса, өріп пен дыбысты ажырата алмағаны байқалады. Ц –тс, Ч –тш дыбыстарының таңбасы екені оқушы балаға да түсінікті. Ww, Xx, C таңбалары тек пернетақтада орналасуы керек пе деуі де түсініксіздеу. Өйткені латын таңбалы пернетақтадан оны алып тастай алмайтынымыз бесенеден белгілі.

Қазіргі уақытта «латыннегізді қазақ әліпбиі» деп аталып жүрген тіркесте стильдік кемдік бар. «Латыннегізді» атауының қазақ жазуы, әліпби сөздерінің алдында келуі «қазақ жазуы», «қазақ әліпбиі» ұғымдарының анық түсінілуіне қиындық әкеледі. Қазақ жазуы немесе қазақ әліпбиі латын негізіне көшпейді, тек оның сыртқы формасын, таңбасын иемденеді. Сондықтан «негіз» сөзі негізсіз қосылған деп есептеп, «латын әліпбилі қазақ жазуы» немесе «латын әліпбиіндегі қазақ жазуы» деп атауды ұсынар едік.

Мұның принципті маңызы бар. Кей кісілер латын әліпбиіне көшу – латыншаға көшу деп электрондық оқу құралын жазуды бастап кеткенін көріп жүрміз. Біздің латын әліпбиіне көшуіміз – латыншаға көшу немесе латын әліпбиін біліп алып, ағылшын тілінде сайрап кетуге жол ашады деген сөз емес екенін түсінетін уақыт келді.

Ең алдымен, Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық және ІТ-сүйемелдеу жұмыс тобының бірлескен отырысы ұсынған ұсыныстың бірде-бірі қолдауға келмейді. Бұл сұрақтар Қазақ тілінің төл табиғатын ашуға ұмтылмайды, керісінше кешегі орыстық саясаттың ырқынан шыға алмай, Ц, Ч дыбыстарын қайта енгізуді аңсайтынын аңғартады.

Сондықтан, біз әлі де болса А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынып жүрген әліпбиді қолдауды ұсынамыз.

Әліпбиде қазақ тілінің төл дыбыстары нақты әрі жүйелі таңбаланған.

1. Тілдік сингармониялық заңдылық бойынша, жуан, жіңішке дыбыстардың таңбалануында бірізділік сақталған. Мәселен, А-Ә, О-Ө, Ұ-Ү, Ы-І дыбыстарының бір таңбамен беріліп, екінші нұсқасының үстіне умлаут белгісінің қойылуы осы заңдылықтың сақталуын нақтылайды. Бұл тәсіл Ақымет Байтұрсынұлының төте жазуынан келе жатқан тілдің ішкі болмысынан туындайтын жүйелі әрекет екені ғылыми қауымға белгілі. Осы ретте институт нұсқасындағы І, і – таңбасымен –ы, і дыбысын белгілеуі тілдік жүйе заңдылығына сәйкес келеді.

2. А.Байтұрсынұлынан бастап, қазақ фонетисының қазақ тіліндегі У дыбысының дауыссыз дыбыс екенін толық дәлелдеген еді. Бұл басы ашық мәселе. Орыстық саясат мендеген бұрынғы кирилл әріптерінде дауыссыз у-дың ішіне дауысты Ұ, Ү дыбыстары сіңіріліп, ол әрі дауысты, әрі дауыссыз ретінде жаңылыс танытылды. Сөйтіп дауысты Ұ, Ү дыбыстарының қызметі мен айтылуы тілімізде бірте-бірте өшіп бара жатты. Институт ұсынып отырған әліпбиде тілдегі заңдылық қайта орнына қондырылып, жаңғыртылған. Яғни дауыссыз У дыбысын W таңбасымен беру – дауыссыз у-дың ішкі дыбыстық табиғатымен толық сәйкес келеді. Ал «университет» сияқты сөздердің айтылу үлгісі ағылшын тіліндегі нұсқасында қазақтың Ү дыбысына сәйкес келетінін ескеру орынды.

3. Қазіргі Ү дауыссыз дыбысы А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты ұсынған әліпбиде У (уай) таңбасымен берілген. Бұл таңба қазіргі қолданысқа біршама еніп, жазылып жүр. Nazarbayev, Ауарова т.б. сөздердің жазылуы осылай қалыптасты.

4. Халықаралық практикада кез келген тілде шетелдік кірме сөздерді қабылдауда төл дыбыстармен таңбалап, ана тілінің қолданысына ыңғайлап, сәйкестендіріп, бейімдеп алатыны шындық. Осы тәжірибені бізге алуға бүгінгі рухани жаңғыру саясаты толық мүмкіндік беріп отыр. Орыс тілінің өзінде мұндай тәжірибе кең пайдаланады. Сондықтан і әрпімен төл сөздерде і дыбысы, кірме сөздерде й дыбысын таңбалау – ең онтайлы ұсыныс деп пайымдаймыз. Министр – министр, интернет – интернет сөздері болашақта тілімізге осылайша оңай сіңісіп кетер деп болжауға болады.

5. Әліпбиде «F» таңбасын алудың да қажеті аз деп есептейміз. F дыбысы қазақ тіліне тән емес.

Анар САЛҚЫНБАЙ
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

ҮНДЕСІМ БОЛАЙЫҚ



жиындардың нәтижесінде тәуелсіздік мемлекеттерінің қауымдастығы (Қазақстан тарпынан акад. Әдуали Қайдары, акад. Өмірзақ Айтбайұлы, проф. Көбей Құсайын, проф. Ерден Қажібек қатысты) түрік дыбыстарын түгел қамтитын 34 таңбадан тұратын ОРТАҚ ӘЛІПБИ үлгісін ұсынды. Мұндағы мақсат – егер түрік мемлекеттері латын графикасын қабылдайтын болса, онда қажет әріптерді осы 34 таңбаның ішінен алғаны жөн. Сонда түрік халықтарының жазуы бір ізге түседі (бірегейленеді). Сонымен қатар, тағы бір маңызды мәселе шешіледі, ортақ жазу түрік халықтарының басын біріктеретін ұтымды амалдардың бірі болып табылады.

Сонымен, қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс, 19 дауыссыз дыбыс бар. Бар болғаны 28 төл дыбыс. Қазақ тілінің төл дыбыстарының таңбалары ортақ түрік әліпбиінің ішінен толық табылып тұр. ОРТАҚ ӘЛІПБИДІҢ құрамынан алынған қазақ әліпбиін «Ұлттық әліпби» деп атадық. Қазақ әліпбиі мен оның емілесі түрік жұртымен сонда ғана бір ізге түседі (кирилл әліпбиізімен жүрсек саяқ кетеміз). Ұлттық әліпби таңбаларын (әріптерін) кирилл таңбаларына қосақтамай (бізді адастырып жүрген де сол қосақтау ғой), дербес беріп отырмын.

ықшамдап әлек болатындай қаптап та екен.

АВАУ JOLI (үзінді).

Üş kündik joldıñ bügingi, soñǵı künine bala şekirt barın saldı. Qorıqtan kün şıǵa atqa mineyik dep asıqqan-dı. Bunı qaladan alıp qaytqalı barǵan aǵayını Baytastı da tañ atar-atpasta özi oyatıp turǵızıp edı. Kün uzın ottan da tüspey, özge jürǵınşılarden oq boyı alda otırǵan. Key-keyde özine tanıs Kök-üyirim men Buwratıygen, Taqırbulaş sıyaqtı qonıs-qudıqtardıñ tus-tusına kelgende bala oqşaw şıǵıp, astındaǵı jaraw qula bestisin aǵızıp-aǵızıp ta aladı...

– Mina balanıñ awılǵa asıǵuwımy!

Nursultan Nazarbayev (üzінді)

...Asqaq Alatawdıñ bawrayı alma men qızǵaldaqtıñ «tarıyqtı otanı» ekeni ǵılmıy turǵıdan döleldengen. Qarapayım, biraq бүкіл әлем үшін özındik mән-maңızı zor bul ösimdikter osı jerde бүр jarıp, jer жүzine taralǵan. Qazaqstan qazır de әлемдегі alma atawlınıñ arǵı atası - Sibers almasınıñ otanı sanaladı. Dәl osı tuqım eñ көр taralǵan jemisti әлемге tartuw etti. Bәrimiz biletin alma – bizdegi almanıñ genetikalıq bir түri...

Q-J. Toqaev (üzінді)

Qazaq tiliñiñ memlekettik til retindegi röli küşeyip, ultaralıq qatnas tiline aynalatin kezеñi keledi dep esepтеймін. Biraq munday дәрежеge jetiw үшін bәrimiz dañǵaza jasamay, jumla jumıs жүrgizuwimiz

дауысты дыбыс деп үйретіп келсек (маған сенбесеңіз ӘЛІППЕНІ бір ақырып шығыңыз), олар үшін дауысты болмағанды не болады.

Бұл бір адамның немесе бір автордың кінәсі емес, бәріміздің кінәміз, мүмкін ортақ КҮНӘМІЗ де шығар.

Тағы қайталайық, жазу аз болып жатқан жоқ, айту одан да көп, бірақ айтылған сөз айтылған, жазылған сөз жазылған жерде қалып жатыр. Сонда да болса айтыла бермек, жазыла бермек. Бұл – бос салғыласу емес, кирилл мен латын арасындағы өліара мезгілде беймәл күн кешіп отырған көпшіліктің (мүмкін биліктің) бірінің болмаса, бірінің құлағына жетер, көзіне ілігер деген үміт қана.

Төл жазу (төл әліпби мен төл еміле) сөзіміздің айтылым-естілім тұрқын бұзбай келесі ұрпаққа табыстайтын аманатымыз болу керек. Ендеше аманатымызға адал болайық, ағайын.

Дегенмен, «әліпби жаңғырудың» әзір іске аса қоятын түрі жоқ, ақырын күтейік... Сонда да болса, «еміле», «қызыметкер» сөздеріндегі «і», «ы» дауыстыларын әдейі түсірмей жазып отырмын.

Әлімхан ЖҮНИСБЕК,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

ПОКА ПРЕЗИДЕНТ НЕ СКАЖЕТ, ШКОЛЫ НЕ ОТКРОЮТ?!

На проблему дистанционного обучения (ДО) обратил свое внимание президент Касым-Жомарт Токаев и 1 сентября написал в Twitter: «Пандемия наложила негативный отпечаток на начало учебного года в школах и вузах. Но это временное явление. Правительству дано поручение разработать порядок возврата к очной форме обучения с соблюдением санитарных норм, чтобы избежать вспышки опасного заболевания среди детей и молодежи».

ПОКА ПРЕЗИДЕНТ НЕ СКАЖЕТ, ШКОЛЫ НЕ ОТКРОЮТ?

Через несколько дней после начала учебы родители обратились к руководству страны с просьбой открыть школы, депутаты в своем запросе озвучили проблемы ДО и указали на необходимость скорейшего возврата к традиционному формату обучения при соблюдении санитарных норм.

Ответ не заставил себя ждать. Вице-министр образования и науки Шолпан Каринова уточнила: «На самом деле министерство, так же как и наши родители, педагоги, очень хочет возобновить в штатном режиме работу школ. Поэтому несколько вариантов нами предложены, исходя из эпидемиологической ситуации. В каждом регионе она разная. Поэтому нами предложено открывать школы по решению местных исполнительных органов, также по согласованию с государственными санврачами соответствующих территорий. Считаю, что это самый правильный подход, поскольку страна большая, эпидситуация везде разная».

Кажется, ответ исчерпывающий. Однако этот вопрос должны были решить до начала учебного года. Ведь в большинстве стран предпochли бы обычную школу. Еще летом более 70 стран объявили о своих планах по открытию школ. Даже Россия, где эпидемиологическая ситуация в известной мере сравнима с нашей, решила с 1 сентября переходить к традиционному формату. Лишь в Казахстане решили остаться на ДО (кроме начальных классов).

Вынужденный переход на ДО обнажил реальное положение дел, и 4 четверть показала неготовность системы образования, учителей, школьников к дистанционке, перебои с интернетом, явное снижение качества знаний и т.д.

А ведь в рейтинге лучших стран для воспитания детей Казахстан занял последнее, 73-е, место. Об этом сообщила аналитическая служба Ranking.kz. С образованием тоже ситуация плачевная. В рейтинге лучших стран для образования Казахстан оказался на 70-м месте из 73, опередившись между Ливаном и Мьянмой. Странами с лучшей системой образования признаны США, Великобритания, Канада, Германия, Франция.

И в «вирусных» условиях Казахстан не должен искать какой-то особый путь, а взять за основу опыт многих стран, где дети имеют возможность нормально ходить в школу при соблюдении санитарных норм.

Получается, наша страна не готова и к традиционной форме обучения? Ведь всем известны санитарные условия открытия школ. Это соблюдение социальной дистанции в 1,5 метра, использование средств индивидуальной защиты — масок, санитайзеров, защитных щитков, зигзагообразная рассадка школьников (по одному человеку за парту) на расстоянии 1,5 метра друг от друга и т.д.

Детям, у которых есть хронические заболевания легких, с плохой иммунной системой, сахарным диабетом, рекомендовано перевестись на ДО.

У нас же многие школы переполнены. В августе, рассчитанной на 1200 учащихся, могут учиться 2-2,5 тысяч детей, в классах могут по 40-45 человек при норме в 25.

Сейчас санитарные нормы требуют, чтобы в классах было по 15 учеников, поэтому дополнительно потребуются помещения и преподаватели, а у нас и раньше была нехватка ученических мест и учителей. Возможно, по этой причине у нас не торопятся с открытием школ.

Также есть загруженность общественного транспорта в городах — власти не смогут решить проблему увеличения количества автобусов, чтобы не было скученности пассажиров.

ТРУДНОСТИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ, ИЛИ УЧЕБА НА ВЕРШИНЕ ГОРЫ

И сейчас образование в РК оказалось в сложнейшей ситуации. За 3 года многочисленных «реформ» министра Ерлана Сагадиева уровень образования заметно упал, что отметили даже международные образовательные исследования PISA.

Всемирный банк также провел исследование сферы образования в странах Центральной Азии. По его данным, если до пандемии школьники ЦА отставали в знаниях от своих европейских ровесников на полтора года, то после дистанционного обучения этот разрыв увеличился еще на полгода.

Это и неудивительно — в некоторых аулах перебои с интернетом или его нет совсем, сельские школьники и студенты «ловили» и «ловят» интернет на крыше или выходили в поля, забирались на близлежащую возвышенность, гору, где «ловит» интернет, чтобы отправить выполненные работы преподавателям.

Например, в селе Кумсай Актюбинской области, чтобы поймать связь и попасть на онлайн-

урок, дети уходят в степь. А в селе Бестерек в Уланском районе ВКО дети занимаются в горах!

Студенты из некоторых аулов из-за отсутствия интернета вынуждены ездить в районные центры на дистанционные лекции, снимать квартиру в городах, а родители школьников с выполненными домашними заданиями — куда-то в соседний аул, где есть интернет, чтобы передать их учителям.

Оказалось, образовательные платформы не готовы к ДО. У учителей уходило много времени на то, чтобы загрузить в «Кунделик» информацию по урокам, по домашним заданиям, выставлять оценки. Из-за слабого интернета о видео-уроках забыли. Не говоря о том, что многие учителя (и школьники) испортили свое зрение, постоянно пользуясь смартфонами.

И есть опасение, что определенная часть школьников останется без образования, так как не сможет воспользоваться онлайн-образованием. Поскольку система образования и школьники и семьи не были готовы к онлайн-обучению, чисто технически.

Если студенты вузов и колледжей, применяя отдельные элементы работы в онлайн-режиме, имели определенный опыт в этом



вопросе и были лучше готовы к дистанционке, то учащиеся школ столкнулись с подобной практикой впервые.

По мнению учителей, качество образования заметно упало, хотя они были довольны уровнем выполнения домашних заданий в 4-й четверти. Такой парадокс объясняется просто: ведь учитель не знает, сделал ли школьник задание сам, списал ли в интернете или ему помогал родитель. В школе знания детей проверяются по устным ответам, письменным заданиям, и каждый школьник на виду учителей и одноклассников.

При ДО всего этого нет, соответственно, нет объективной оценки знаний учащихся.

Чисто технически дистанционка занимает у педагогов много времени: надо работать с каждым учеником по отдельности — получать от него задания, писать или отправлять устные замечания, при этом не зная, понял школьник урок или нет. По мнению опытного педагога, за стандартное время в ДО школьники успевают выполнять лишь 30 % работ по математике от работ в школьных условиях.

Выяснилось, что многие школы не укомплектованы компьютерами, в отдельных селах — перебои или даже отсутствие интернета, что является недоработками Министерства цифрового развития. Оказалось, школьникам не хватает 700 тысяч компьютеров, и многие дети рискуют остаться без базового образования.

К тому же компьютерная программа не может оценить способности и потенциал студента — здесь есть свой алгоритм оценивания. Например, если случится кратковременный сбой с интернетом при сдаче письменного теста, то этот тест автоматически «скидывается» из программы, т.е. студент не сможет продолжить это тестирование. В итоге не по вине студента (и преподавателя) у первого появляется задолженность и снижение баллов.

Бывают сбои и самой программы. Например, правильный ответ «1,236», студент округляет «1,24», ответ не засчитывается; или наоборот, студент пишет «1,236», а программа округляет «1,24», ответ опять не засчитывается. Нередко тесты не принимаются, когда ответы долго не загружаются, что естественно при одновременной загрузке программы.

НЕОБХОДИМ ПЕРЕХОД НА ОФЛАЙН

Вообще-то как дополнительное обучение дистанционка давно используется за рубежом, особенно в вузах при определенных условиях. Это вроде советского заочного образования без посещения учебного заведения. ДО позволяет многим получить образование, находясь далеко от вуза. У нас тоже иногда используется, например, в Назарбаев интеллектуальных школах, если школьники находятся за рубежом или по каким-то причинам не могут посещать занятия, находясь в Казахстане.

С этой точки зрения есть большой положительный результат от ДО как для школьников, студен-

тов, так и для преподавателей, которые заметно повысили свой уровень владения информационными технологиями, стали активнее пользоваться различными образовательными платформами, программами для подготовки презентаций и обычными мессенджерами.

Но как постоянная всеобщая основа обучения дистанционка приведет к значительному снижению уровня образования. По этой причине в РК необходимо быстрее возвращаться к традиционному формату обучения, используя ДО по отдельным предметам, например музыка, изобразительное искусство, трудовое обучение и др.

Неудивительно, что резко возрос спрос на репетиторов, которые проводят занятия вживую, а также появились частные подпольные «группы продленного дня» для обучения детей в возрасте до 12 лет в офлайн-режиме.

Конечно, в вузах ситуация с дистанционным обучением лучше, чем в школах, поэтому там переход к традиционному формату можно ввести попозже. Можно младшие курсы оставить на дистанционке, остальные (с практикой) перевести на очную форму, можно часть занятий перевести на дистанционный формат, часть — на офлайн.

Ученики — это человеческие существа, которым для эффективного усвоения знаний нужно общение с учителем, с товарищами по учебе, перенятие жизненного опыта совместного обучения, а не технологии. Через экран смартфона, компьютера знания могут быть переданы лишь частично. Не говоря о лабораторных работах, например, по химии или физике, о спортивных секциях и т.д. К тому же никто не отменял воспитание детей в школе.

За постоянной онлайн-коммуникацией кроется новая форма тотального одиночества. Невообразимо, конечно, жить без телефонов, но технология, как и, например, лекарства, могут вылечить, а могут и отравить.

Уже сейчас надо готовиться к переходу к офлайн-обучению и даже переходу в районах, областях, где установится благоприятная эпидемиологическая ситуация. Можно совмещать традиционное обучение с дистанционным. Выбор остается за родителями.

Необходимо усиление медицинского осмотра школьников и педагогов, ответственности учителей, родителей и школьников.

Қазақ елінің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының «Прагматизм» деп аталатын бөлігінде: «Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деді. Оқырман назарына ұсынылып отырған мақала осындай қисынды жалғасындай.

Аңшы, бүркітші Тілеуғабыл Есенбекұлы, қарап отырса, өмір бойы аң қуған екен. Көбінесе Жезқазғанда қызметте жүрген шақтарында жиірек шығыпты. Ол төңіректе бармаған жер, баспаған тауы аз. Жанында үш-төрт жолдасы жүреді. Топтасқан бойда Бетбақтың жондарын кезіп, қияндағы Созаққа да жортты. Жезқазған жерімен жапсарлас Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай облыстарының шекарасына дейін шығанды.

Үш күн, төрт күн бойы қаңғытын кездір де кездеседі. Қалыңмен, күрсілдеп келеді ақыры. Әйткенмен, олжасыз оралмайды. Жосыла жортқан киік көп болады; солардың соңынан ілби салған түлкі мен қасқыр да жиі ұшырасады. Соның артынан ақырын жымып басып, бұлар да ілесіп отырады.

Ол енді кіреремат нәрсе. Аңшылықтың романтикасы ғажайып дүние. Естен кетпес қызықты сәттер жеткілікті екен.

Бірақ «Зулайды күндер, алмасып, біріне-бірі жалғасып» дегендейін, сол шуақты кезең де біртіндеп көзден бұл-бұл ұшады екен.

Өз-өзінен көрілік, қарттық туралы ойлады. Мәңгілік ештененің жоқ екені еске түсті. Иә, расында, «Жас көңілде жарық бар, кәріде кемдік анық бар» деп Шәкәрім қажы айтқандайын, жасамыс шақтың мұны басым. «Көрілік – құтылмайтын бір қазған оң» деген де осы кісі. Майша қылғатына анау арландардың да қырық екі тісі түгел түсіп, төрт азудан түк қалмайтын сәт те туады...

Сондықтан о сорлыларды абадан қасқыр әуектен (үйірден) қуып та жіберетін жағдайлар кездеседі. Шонданың майышылып жалғыз қаңғып, итшілемеске амалы қала ма. Кейде өз үйірлестері-ақ талап жеп қояды. Қайсыбір тектілері өзінің осындай пұшайман хәл, күйкі тірлігіне күйініп құсадан да өледі...

Бір күні қызық болды. Желтоқсан айының орта тұсында бір қар жауған сәтті пайдаланып екі жолдасын ертіп шығып кеткен. Төңіректі төрт күндей шарлап, түнгі сағат үштер шамасында қаладан жетпіс шақырымдай жердегі Бозайғыр адырларына жетті. Әлден мезгілде айдың жарығымен қалың баяра түбін қыбырлап кетіп бара жатқан борсықты көзі шалған. Іштей «Құдай-ау, мына мезгілде бұ қайдан жүр?!» деп таңырқап, шопырға:

— Алдын орашы ананың! — деді дауыстап.

Мәшине шоқ соранды айнала беріп, күрс-күрс етіп барып, тоқтай қалды. Дөңгелегі әлдебір жыраға соғылған секілді. Мылтығын ала салып, дереу секіріп түскен Тілеуғабыл борсықтың ізімен біраз жер жүргі. Аңы көрінбей кетіп еді.



Біз уақытта қырдың етегінде жан-жағын ақырын шолып сәл бүкшііңкіреп тұрғанында сырттан киліккен бірдеме екі аяғының арасына қыстырылды. Сөйтсе, бұл әлгі борсықтың дәл інінің аузына тұра қалыпты. Келген сол борсықтың өзі екен. Бейшараның кәрі екенін аңдады. Хайуан:

— Өй, буал тұршы-ей! Жаным қысылып зорға келе жатқанда сен де тұрмайтын жерге тұрып алып! — дегендей қатты жұлқынып, қыспақтан ызалана сілкініп шығып, апанына кірді де кетті.

Қызық... Көрілік деген не деген жаман...

Тимеді байғұсқа.

Тасбазға келіп орналасқан бойда көп шапқылады. Шаруа шашетектен. Мал шаруашылығының жайы өз алдына, Тілеуғабылдың басты арманы — осы бір шағын қыстақты дәстүрлі мәдени орталыққа, былайша айтқанда, этнографиялық-туризм бағытында да жұмыс істейтін ерекше қожалыққа айналдыру-тын. Осы бағытта күйттейтін тіршілік көп. Кейде апен жүреді, кейде дыз еткізіп от алдырып, «Құдай бере салған» қоңыр «Жигулимен» тау бөктерлеп, дала кезіп бара жатады.

Сіла аяша, жандармен аңызак жел өтінде кеберсіңкіреп, құлазыңқырап жатқан бетегелі, қызылселеулі қырқалар қойнауын ақырындап абаттандыруға кіріскен. Ең алдымен тоқ беретін жел қондырғыларын орнатты. Ірі площина салды. Мұны біртіндеп үлкен көлге айналдыруды көздейді. Көл болған жерде береке бар. Құс ұшып-қонады. Балық өседі дегендей...

Іс басталғаннан-ақ бір-екі жыл айналдасында ғана талай шет ел саяхатшылары келіп үлгеріпті. Тіпті, Жапония, Англия, Словакия, Латвияның елшілері болып кайтты. Бұлар, әрине, мұнда шәй ішейін деп келмейді, жергілікті халықтың тұрмыс-салтымен жақынырақ танысуға құмартады. Қазақтар қалай отырады, не ішеді, не жейді немесе атқа қалай кіреді, қызығушылық танытады. Сондықтан, елді жерге қаратпай, мейлінше биік деңгейде көрінуге ұмтыласың...

Қазан айының бас кезі еді. Таңертеңгісін әлгі ескі «шохамен» Қотыр Қызылтауды айналып Қазығұрт жоталарына өткен кезеңде қарсы алдынан таудай боптенселіп, мүйізі қарағайдай бір бұрыл бұланнның шыға келгені.

Бұл көрініске аса таңырқай қойған жоқ. Бұрын да талай кездес-

тірген суреті. Осынау қоңырайған құба жондардың қойнауы ежелден, Ақсу-Аюлы, Бұғылы-Тағылы деген атына сай, әр түрлі аң-құсқа толы келеді.

Аңға тақалып барып, мәшиненің сигналын басады. Бірақ, бәтшағар, қанша бепілдетсең де үркетін түрі жоқ. Өңкиіп, жылқыны асықпайды бір сажындай. Салмағы да алты жүз келіден кем түспейтіні анық. Мұның қасында атан түйеңіз жеті жасар баладай көрінуі мүмкін...

Әйтеуір, әлден мезгілде аса жақтырмай, алая қарап, айнала мөңіреп біраз тұрды да, еріншектей басып, жолды босатты-ау.

Араға бір сағаттай уақыт салып қайта оралған сәтінде әлгі жануар үйдей болып, алдыдан тағы шықсын...

Сол кезде ғана мойын бұрып, жолаушы жақтағы орындығына сүйеулі тұрған бесатарына көз салған. Әйтпесе осыны ату туралы ниеті жоқ-ты. «Мынаның өзі кес-кестей берді-ау алдымды! Бұйырғалы тұрған олжа емес пе!» деген ой жылт етті.

Мылтығын жұлып алып, жерге түсіп, бұланға жақынды бергенінде әлгі «еріншек» жануардың дереу бұлғы салып, тапырандап қарсы жүгіріп, бұған қарай бас салғаны! Қауіпті жануар екенін жақсы біледі. Аяқпен тарпыса аюдың өзін жайпап жіберетін алапат күш иесі...

Жанұшырып, далақтай қашты. Аяғына түсіп қалған бір сынар галшыны қарауға да мұршасы келмеді. (Ауыл арасында жүргенінде қусырып сырып тіккен, жұқа байпақтың сыртынан іле салуға ыңғайлы нәрсесі еді). Сөйтіп, көлігінің сыртын айнала берді де, бұланды желке тұстан ала көздемей атты. Аң белі шойырландыра қираң етті де, бір жамбастай шоңқиып барып, күрс етіп құлады. Қатты ауырсынғаны ыңыранған дыбысы мен ақиған көзінен-ақ аңғарылып еді. Одан, қызық болғанда, жедел атып тұрып, емпелендеп жортқан күйі дөң асып, лезде ғайып болды. Жараланғаны анық-ты. Жонынан қан саулап бара жатты...

Үйге келген соң жағдайды малшы жігіттердің біріне айтып еді, ол да ойбай деп лып етіп, атына міне салып, тау жаққа жөнеген.

Барса, бұлан байғұс, бұлақ басына жете, қансырап жығылған секілді. Қорғасын оқ мойын омыртқасын уатып жіберіпті.

Мал сойып үйренген адам шыдата ма, қолма-қол бауыздап, терісін сыпырып, сүйегін жіліктеп, боршалап та тастапты.

Он-он бес жасар еркек бұланнның еті сәл қаттылау келе ме деп еді; жоқ, жұп-жұмсақ екен. Және мұны жеңсікас дейсіз бе, әлде таңсықас па, таптырмайтын дәм екені түсінікті. Ішек-қарын, өкпе-бауырына дейін керемет дәрумен. Білетіндер бұланнның тілі мен сүйіне өзін дәмді мөзір әзірлейді. Әйтеуір, қыруар ет көзір. Нағыз «қуырдақтың көкесі» деген осы еді.

Сол күні Хорватияда тұратын Бриджит ханым хабарласқан. Ақын әйел. Кезінде Қазақ-француз альянсының директоры болған адам. Қазақтің басынша Әлемдік Банкінің басшысы қызметін атқарған күйеуі екеуі осы Тасбазға талай келіп апталап жатып, Тілеуғабылмен бірге құс салудың қызықтарын тамашалаған-ды. Қыстақпен іргелес жатқан Қазығұрт, Қаракемер, Қотыр Қызылтау, Сақалбайдың қыры, Қызылқия, Қатымет, Қоянды Қойтас адыр-белестерінің түкпір-түкпірін түгел аралап, суретке түсірген. Ел мен жер тарихына қатысты көптеген деректерге қаныққан. Енді соның бәрін пайдаланып, француз тілінде осы өлкеңің қайталанбайтын табиғатына, қазактың таңғажайып құбығалық өнеріне, өмір сүруіне түрмыс мәдениетіне арнап керемет фотальбом шығарыпты. «Сол альбомды әкеле жатырмыз; амандық болса ертең Қарағанды вокзалынан түсеміз. Мүмкіндік болса, күтіп аларсыз» дейді. «Әрине, күтеміз! — деп қуанып тұрды. Одан сөтсе: — е-е, бұланнның еті осыларға бұйырған екен-ау, Құдай пейіліне береді деген рас!» деп таңырқаны да есінде.

Тілеуғабыл, кейін білсе, таң азанда бел асып бара жатып ұшырасқан бұлан таң бозына қарай төңіректегі жылқышылардың қуғынынан зорға құтылып, әбден болдырып, зорға келе жатқан беті екен. Білетін біреулер табыннан шашау шыққан аң көрсе, ит қосып қуып, шаршатып жығып, шетінен сойып жеп дәндепті.

Ешкімге зияны жоқ бұлан жарықтық Қаракемер сайларының ішкерігін қаракемерде қазір де бар. Жан баласының көзіне түспеуге тырысып, тіршіліктерін жалғастырып жатады.

Тау арасында құбарлан тазы ертіп, білегіне құс қондырып, бүлкілдей салып бара жатқан сәл аттының суреті биік шыңдар төбесінен алақандағыдай айқын көрінеді. Осы кескін бетегесін жел тербеген салқар даланың бояубедерін әрлеп, сән-салтанатты

асыра түсетіндей. Соңадайдан баурап, тосын түрмен көңіл тебірететіндей. Себебі, анау ғасырлар қойнауында ұмыт қалған қастерлі салт-сананың ата дәстүрімен жаңаша жасанып, қайта тірілуі, расында да, ғажап емес пе...

Бір күні кезекті Бетқа шығып бара жатқанында, саятқыш тоғайының тұсынан өте беріп... бүйірден келіп ұрған жойқын соққыдан жалтарып үлгерді. Найзағайдың жылдамдығындай зу еткен қияпат күшті жалт бұрылып, өткізіп жібермегенінде, көлік-мөлігімен бірге тырапай асары сөзсіз-тін. Кертөбел аттың берік тігі де бір ғанибет, китая серіктері де сол қобытмен жұлқа тартқанынша, өзі-ақ оқыс бұлтарды. Соның өзінде, топырақты бүрк еткізіп шойнан етіп, жығыла жаздап барып зорға оналған.

Сөйтсе, бір көк қаршыға тұтқиылдан тиіп, балдақтай бүркітті қос аяқтан тепкен екен. Әжептәуір ірі. Ызақорлығы сонша, бір мезет нысанадан ауытқып, тепе-теңдік сақтай алмағандықтан, өзі де құлап кетердей құлдилап беріп, дереу қайта көтерілді де, шабуылды және жалғастырды. Екпіні жан шыдатар емес. Тілеуғабылдың желе жортып, төңіректен тезірек қашып құтылудан өзге лажы қалмаған-ды. Айсарының да томағамен отырып, бұл әрекетті аңдамай қалғаны жөн болды ма деп ойлаған. Әйтпесе, қарсыласына қарсы шүйлігіп, түте-түте қылар ма еді...

Қатты тіксігенмен, ұзай бере қаршығаның бөгде құстан өз жерін, өз ауымын қызғанданған пайымдады. «Алла-ай, құс екең құс та туған мекеніне бөтен біреулердің кіруін қаламайды екен-ау!» таңырқанды.

Арада оншақты күн өткенде малшы жігіттер дәл сол қаршығаны көтеріп келді. Шалажансар төбесін қанды. Ағалары. Тоғай маңайында тура сонау жағдай қайталаныпты. Көк қаршыға бұ сапар өңіріне кіріп кеткен қос ителгімен айкасады. Алайда жеңіліс тапқан. Екеудің аты — екеу, бірі алдарқатып төмен қашқан сәтте, екіншісі төбеден келіп ұрған екен. Бас сүйегін жарып жіберіпті.

Өлді байғұс... Салмағы бір жарым келідей. Ұрғашы қаршыға.

Құстың нақты неден өлгенін білу үшін бір күндей мұздатқышқа салып қатырып қойып, ертеңіне қалаға, арнайы лабораторияға апарды. Маманның да айтқаны қысқа болды: бастан саққы тиген...

Қаршығаны тастаған жоқ. Әдемілеп тұлыбын жасатып қойды. Қазір құс Алматы — Астана күре жолының бойындағы Ақсу-Аюлы мекенінен Қарағандыға асатын айрықтағы «Бүркітші» деп аталатын кафеде ілулі тұр. Келген ел көреді. Біреулері бұл неғылған құс деп сұрап жатады, біреу сұрамайды...

Екі жыл сайын әдеби ортада қаламгерлерге берілетін еліміздің бас марапаты – Абай атындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығы үшін бақ пен бап сынау басталады. Мемлекеттік сыйлық туралы ақын-жазушылардың пікірі әр алуан болса да, бұл сыйлық кейде дұрыс, кейде бұрыс беріледі деген пікірлер айтылып жатса да, Мемсыйлықты алғандардың ішінде осалынан мықтылары көп екені даусыз. Әр жылдары бұл марапатты Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Әнуар Әлімжанов пен Илияс Есенберлин секілді қазақ әдебиетінің абыздары алса, одан беріректе Шерхан Мұртаза, Асқар Сүлейменов, Дулат Исабеков пен Оралхан Бөкей секілді есімі көпшілік оқырманға жақсы таныс небір аймақдай жазушылар, Жүмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Олжас Сүлейменов, Қадыр Мырза-Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова секілді қазақ поэзиясының қуатты ақындары иемденген.



Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ

Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН

Бас редактордың орынбасары –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Айнұр АХМЕТ (мәдениет)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҮРМАН

(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҮЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҮРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғалпал АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күллік №13976-Г (Алғашқы күллік

№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –

Дастан ЕЛДЕС

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ508560000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

© – материалдың жариялану ақысы төленген

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚ

ЕЛДІҢ СӨЗІН СӨЙЛЕЙ АЛАТЫН

АҚЫНДАРҒА БЕРІЛУІ КЕРЕК

Биыл да бас сыйлық үшін бәсекеге 24 ақын-жазушы ұсынылды деген ақпаратты әр жерден бір көріп қалып жүрдік. Іріктеуден өткені-өтпегені бар, барлығы да Алаштың айтулы қаламгерлері, зиялылары.

Осыған орай мен әлеуметтік желідегі оқырмандарымның арасында «Мемлекеттік сыйлық кімге бұйырады? – Халық төреші» атты сауалнама өткізіп, елдің тәуелсіз пікірін білейік деп өрекет қылып едім. Жазылған пікірлерде есеп жоқ. Ақындарды ғана атасақ, қазақтың белгілі екі ақыны Қазыбек Иса мен Серік Ақсұнқарұлына ең көп дауыс берілді.

Қазыбек ағамыздың өлендері туралы осыдан бірнеше жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде көлемді мақала жарық көрген еді. Серік Ақсұнқарұлы туралы кезінде «Аға немесе жалғыздық туралы сөз» атты эссе жазған болатынмын. Алайда, онда ақынның ағалық бетбейнесін ашуды көздеген едім. Міне, биыл Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатқан ақын ағамыздың шығармашылығы туралы да ақтарылып айтатын сөз келіп тұр.

Қазақтың белгілі ақыны, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Серік Ақсұнқарұлының «Көкейімде – Құлтегінің жазуы» атты жаңа жинағы да қолыма тиіп отыр.

Оқырманның лайықты бағасын алған, өлең өлкесінде өз жолы, өз дауысы бар

ақынның шығармашылығы туралы көп мақала жазылған болар. Оның бәрін қадағалап, оқып отыру мүмкін емес. Өз басым ақынның азаматтық ұстанымына, қоғамдағы өзекті тақырыптарға өзегі өртеніп тұратын отаншылдығына, ел дегенде емешегі езіліп тұратын қайраткерлігіне тәнтімін.

Ақынның бұл қыры өлендерінен де айқын көрініп тұрады.

Мұнай-Таксыр өртке қарай тақымдап,
Қайдағы бір ку мен сұмда хақым ғап;
Мен де жандым,

(бензиннен де тез жандым),—

Лаулап!

Заулап!

Өршіп өрде —

Лапылдап!!! — деп ақтарылады оның жыры.

Мұнай деген қазақтың бағы ма, соры ма, айту қиын. Батыстағы аудандарды аралап, жолдың екі жағында мұнай соратын ұнғымаларды көріп, ортасындағы шұрық тесік боп көп жылдан жөндеусіз жатқан күре жолды көргенде көңілге кірбін түседі.

Бірде Ақтаудағы мұнайшылардың бірімен де әңгімелес болып қалған едім. «Қашағанды болашақ ұрпаққа қалдыру керек» деп шырылдап тұрып айтты. Ақынның лаулап, лапылдап өртенуінде де халықтың жанайқайы бар сияқты.

Кетпеймін мен!

Тастамаймын ұлтымды,

Қазір оның көңіл күйі бір түрлі;

Қайта айналып мен келгенше,
шүршітше

Сөйлеп кетуі мүмкін-ді... — дейді енді бірде.

Өз ұлты өзге тілде сөйлеп кетуі мүмкін екенін қандай қиналыспен жазды екен деймін. Мемлекеттік тіл мәселесі қозғалып жүрегінен де отыз жылдың жүзі болды. Күні кеше ғана өзінің үндеулерінің бірінде «Қазақ тілі — халықаралық қатынас тіліне айналуы керек» деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да сөзі нақты іске айналар уақытты зиялы қауым ғана емес, баршы қазақ күтіп жүргені жасырын емес. Оған дәлел, біз «Қазақ үні» ақпарат агенттігінде «КОНСТИТУЦИ-ЯДАН 7-баптың 2-тармағын АЛЫП ТАСТАП, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК!» атты Ашық хат жарияланған едік. Оған қол қойған адамдардың саны 120 мыңнан асып жығылды қазірдің өзінде. Бұл бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіш. Бір сайттың өзінде осыншама қолға ие болған Ашық хатқа өзге ұлт өкілдері, Ақсабал мүшелері де, билік өкілдері де қол қойғанын айту керек. «Мемлекеттік тіл туралы заң» қабылданбай, тіл мәселесі шешілмейді. Біз сонау 1989 жылы КСРО кезінде қабылданған заңның аясында әлі жүрміз. Ақынның тіл дегенде жүрегінен осындай қасіретті сөздердің шығуы да содан ғой.

Рухы асқақ ақынның әр жырында ұлттың үні бар.

Хан Кенеге ілесіп, қия шалдым,
Қарлығашпен бірге ұшып, —

ұя салдым.

Ұлттық рух — жыр екен, уыстап ап,
Ақ парактың бетіне күйі салдым...

Ақынның ақ паракқа күйіп жырлары әрдайым оқырманның, қалың қазақтың жүрек төрінен орын алады. Себебі, онда халық деген қайнар бұлақтың мөлдірлігі бар, тазалығы бар.

Өз басым Мемлекеттік сыйлық осындай елдің сөзін сөйлей алатын ақындарға берілуі керек деп ойлаймын.

Қазақта ақын көп. Баяғыда үлкен бір қаламгер ағамыз «Қазір тас лақтырсаң ақынға тиеді» деп еді... Алайда, халықтың мұнын, зарын, қоғамдағы ашы шындықты ашық айта алатын ақын аз. Сол аздың қатарында Серік ағамыз бар деп білемін. Ақ жол, аға!

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ - «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58
6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32